



«Kaspi Bank» АҚ-тың электрондық банктік қызмет көрсету ережелері

1. Терминдер мен анықтамалар

- 1.1. Ережелерде пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:
- 1) **Авторизациядан өту** – Kaspi-дің төлем карточкасын, соның ішінде Картаны пайдаланып, Операция жүргізуге Эмитенттің рұқсатын алуды;
 - 2) **Аутентификация** – Электрондық қызмет көрсету, Операциялар жүргізу және өзге әрекеттерді орындау үшін Клиенттің қашықтан Kaspi.kz, Терминалдар немесе өзге Байланыс арналары арқылы хабарласуға құқықтылығын растау;
 - 3) **Биометрикалық сәйкестендіру** – клиенттің электрондық банктік қызметті алу құқығын бірынғай растау мақсатында клиенттің жеке басын физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері негізінде анықтау рәсімі;
 - 4) **Анықтау** – Клиент пен Kaspi-дің Телефон нөмірін растауға бағытталған әрекеттерінің кешені;
 - 5) **Үзінді көшірме** – Шотта көрсетілген Операциялар туралы ақпарат қамтылған электрондық түрдегі құжат;
 - 6) **Қосымша карта ұстаушы** – төлем картасына қызмет көрсету шарты аясында Қосымша карта шығарылған Клиенттің 6-16 жас аралығындағы баласы;
 - 7) **Шарт** – электрондық банктік қызметтерді көрсету және банктік қызмет көрсету туралы шарт, Ережелер оның ажырамас болып табылады;
 - 8) **Қосымша карта** – Kaspi белгілеген шектеулер ескеріліп, Операциялар жүргізуге арналған төлем картасы;
 - 9) **Қолжетімді қалдық** – Клиент пен Kaspi-дің арасында жасалған шартқа сәйкес кредит лимитінің қолжетімді қалдығын қосқанда, Клиенттің Шоттарындағы ақша сомасы, ATTK-дегі ақша сомасы және/немесе Электрондық ақша сомасы;
 - 10) **Сәйкестендіру** – Клиентке Жеке кабинетке кіруге қолжетімділік беру үшін Клиенттің жеке басын анықтау;
 - 11) **Kaspi** – «Kaspi Bank» АҚ;
 - 12) **Kaspi.kz** – Мобильді қосымшаны қосқанда, Электрондық банктік қызметтердің компоненті, Клиентті Анықтау/Tіrkeу фактісі бойынша оған банктік операциялар мен өзге әрекеттерді қашықтан орындауга, сондай-ақ Ережелер мен Kaspi.kz функционалына сәйкес шарттар, Клиенттің Шоттары туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді;
 - 13) **Байланыс арналары** – электрондық пошта (e-mail), пошта байланысы, Kaspi.kz, мобильді банкинг, SMS-хабарлар, Мобильді қосымшадағы хабарламалар, соның ішінде Push-хабарламалар, телефондар, факс, банкомат, төлем терминалдары, POS-терминалдар, электрондық терминалдар, Терминалдар, Мобильді қосымша арқылы Клиенттің ақпарат беру құралдары және Kaspi айқындастын тәртіппен және талаптарда пайдаланылатын өзге құралдар, құрылғылар;
 - 14) **Карта** – Эмитент шығарған және төлем құралы болып табылатын, ХТЖ-ның бірінің және (немесе) Kaspi төлем карталары жүйесінің (ТКЖ) төлем картасы, картада оны ұстаушыға Терминалдар арқылы және (немесе) басқа Байланыс арналары арқылы Операцияларды Kaspi белгілеген талаптарда және шектеулер ескеріліп, жүргізуге мүмкіндік беретін ақпарат қамтылады;
 - 15) **Клиент** – Kaspi-мен Шарт және/немесе өзге банктік қызмет көрсету шартын жасасқан және Ережелерде көзделген Байланыс арналарын пайдаланатын жеке тұлға (соның ішінде ЖК);
 - 16) **Клуб** – Kaspi клубы;
 - 17) **Әмиян** – Kaspi-дің бағдарламалық қамсыздандыруы, онда ATTK және/немесе Электрондық ақша туралы ақпарат, сондай-ақ осындаи ATTK-мен және/немесе Электрондық ақшамен жүргізілген Операциялар туралы ақпарат сақталады;
 - 18) **ДСЖК** – бірреттік код, Клиенттің сұратуымен бағдарламалық-аппараттық құралдар арқылы жасалатын және Клиентке Kaspi.kz-ке және/немесе Электрондық банктік қызметтерге қолжетімділік берген кезде бір рет пайдалануға арналған электрондық цифрлық символдардың бірегей жүйелілігі;
 - 19) **Жеке кабинет** – Kaspi.kz-те және Ережелерде көзделген мақсатқа арналған Kaspi.kz-тегі кеңістік, оған Kaspi.kz-те Клиентті Сәйкестендіру және Аутентификациялау арқылы қол жеткізуге болады;

- 20) **Логин** – Kaspi.kz-ті пайдалануышының есептік жазбасының цифрлармен көрсетілген аты. Клиенттің Телефон нөмірі Kaspi.kz-тегі Клиенттің Логині болады;
- 21) **МобиЛЬДІ қОСЫМША** – мобиЛЬДІ телефон немесе МобиЛЬДІ қосымшаны және интернетке қолжетімділікті қолдайтын өзге құрылғы арқылы электрондық банктік қызметтерді алуға арналған бағдарламалық қамсыздандыру;
- 22) **ХТЖ** – MasterCard WorldWide халықаралық төлем жүйелерінің бірі / Visa International халықаралық төлем жүйесі / American Express Card / JCB / Diners Club / China UnionPay / PPS PayPal, соның ішінде Kaspi-дің төлем жүйесі және басқа төлем жүйелері – бір-бірімен белгілі бір ережелермен және талаптармен біріккен және төлем карточкалары технологиясын пайдалану негізінде өзара қатынас жасайтын есеп айырысуға қатысушылардың және олардың есеп айырысу агенттерінің жүйесі. ХТЖ өз қатысушыларының жұмыс істеу ережелерін белгілейді және оларға ақпараттық қолдау көрсетеді;
- 23) **Телефон нөмірі** – Клиент Анықтау және/немесе Kaspi.kz-ке Тіркеу кезінде берген, Клиент Жеке кабинетке кіру үшін, сондай-ақ SMS-сұратулар жолдау және SMS-хабарлар алу үшін пайдаланатын мобиЛЬДІ телефон нөмірі;
- 24) **Байланыс операторы** – Клиентпен байланыс қызметін көрсету туралы шарт не болмаса басқа ұқсас шарт (оның аясында Клиенттің Телефон нөмірі Клиентке берілді) жасасқан ұялы байланыс қызметін көрсететін адам;
- 25) **Операциялық күн** – төлем қызметтерін, нұсқауларды орындауды тоқтату туралы не болмаса осындай нұсқауларды кері қайтару туралы өкімдерді қабылдау және өңдеу жүзеге асырылатын Kaspi айқындастырын уақыт кезеңі;
- 26) **Операция** – төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, банктік шотты және Өміржының пайдаланып жүргізілетін шетел валютасымен айырбастау операциялары, банктік шоттарда көрсетілуі тиіс кез келген операция (транзакция), соның ішінде қарыз Операцияларын қосқанда, Картаны, ATTK-ні, Электрондық ақшаны пайдаланып жүргізілген (тауар ақысын төлеу және қолма-қол ақша алу) шығыс Операциялары (кредит лимитінің есебінен шығыс Операциялары), Шотқа қолма-қол ақшамен не болмаса қолма-қол ақшасыз тәсілмен ақша салу, Терминалда Шottan қолма-қол ақша алу; қайтарылған төлемдер; Kaspi.kzте жасалған төлемдер мен аударымдар, Клиенттің банктік шоттарында көрсетілуі тиіс немесе көрсетілмеуі тиіс басқа операциялар;
- 27) **Пароль** – Клиентке Логин берумен байланысты және Клиентті Kaspi.kz-те Аутентификациялау үшін пайдаланылатын символдар жиынтығы;
- 28) **Серіктес** – Клубтың және/немесе Kaspi-дің тұрақтылық бағдарламаларының қатысушысы;
- 29) **Төлем** – Операциялар (соның ішінде Клиенттің әртүрлі шоттарының арасында) және Клиенттің нұсқауын/тапсырмасын орындау үшін және ақшалай міндеттеме бойынша төлемдерді аяқтау үшін қажет болатын өзге әрекеттер жиынтығы (соның ішінде Клиенттің ақшасының есебінен Клиенттің атына ATTK, Электрондық ақша сатып алу);
- 30) **Төлем қызметі** – аударым операциясы, оған төлемдер және/немесе аударымдар, электрондық нысанда бастама көтерілген төлемдер мен аударымдарды қабылдау және өңдеу, банктік шотқа қолма-қол ақша қабылдау және өзге Ережелерде көзделген өзге қызметтер кіреді;
- 31) **АТТК** – алдын ала төленген төлем карточкасы;
- 32) **КЖ/ТҚҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылт;
- 33) **Үлгі ережелер** – баспада жарияланған банктік қызмет көрсету шарттарының үлгі ережелері немесе Сайтта орналастырылған қосылу шарттары;
- 34) **Тіркеу** – Пароль құруға бағытталған Клиенттің әрекеттерінің кешені, соның ішінде Аутентификация/Анықтау;
- 35) **Сайт** – www.kaspi.kz және/немесе www.kaspibank.kz;
- 36) **Даулы жағдай** – төлем қызметін көрсеткен кезде төлемнің ықтимал рұқсат етілмеуіне немесе төлем қызметінің тиісінше көрсетілмеуіне қатысты өзге мәселелеге байланысты туындастырылған жағдай;
- 37) **Шот** – Kaspi-де ашылған Клиенттің банктік ағымдағы және/немесе жинақ шоты;
- 38) **Тарифтер** – Kaspi-дің уәкілетті органы бекіткен, Сайтта орналастырылған, Kaspi-дің қызметіне байланысты оның қызметтері үшін ақы мен комиссиялардың мөлшерлемелері;
- 39) **Терминал** – банкомат, электрондық терминал, ресайклер (ақшаны қабылдау және беру функциясы бар құрылғы), автоматтандырылған кассалар және өзге электрондық-механикалық құрылғылар, олар қолма-қол ақшаны қабылдау және (немесе) беру операцияларын жүргізуге, төлемдерді өткізуге және ақша аударуға, айырбастау операцияларын және банк операцияларының өзге түрлерін (соның ішінде төлем карточкаларын (алдын ала төленген төлем карточкаларын) пайдаланып) жүргізуге сондай-ақ тиісті операциялардың жүргізілгені фактісін раставтын құжаттарды жасақтауға арналған;
- 40) Ережелер – осы «Kaspi Bank» АҚ-тың электрондық банктік қызмет көрсету ережелері;
- 41) **«ШМЖС» қызметі** – Kaspi-дің ақпараттық банктік қызметі, оның аясында Kaspi Клиентке Карталарды пайдаланып, Шот бойынша Операциялар жүргізу туралы мәліметтерді, сондай-ақ «ШМЖС» қызметінің талаптарында көзделген өзге мәліметтерді береді;

- 42) **Экожүйе** – Kaspi-дің сервистерінің, өнімдері мен инфрақұрылымының жиынтығы, соның ішінде Шоттарды ашу, төлемдер мен аударымдар жасау, бөлімшелер, кассалар, терминалдар, банкоматтар, өзге жабдық, Kaspi.kz, Мобильді қосымша және өзге бағдарламалық қамсыздандыру, төлем карталары, Call Center-де қызмет көрсету және электрондық ақпараттық және транзакциялық қызмет көрсетуді қосқанда, Шарт бойынша қызмет көрсету мүмкіндігін қамтамасыз ететін өзге құралдар (бөлек немесе жиынтығында);
- 43) **Электрондық қызметтер** – қашықтан кіру жүйесі арқылы Клиенттің өзінің Шотына қол жеткізуімен байланысты банктік, төлемдік және ақпараттық қызметтер;
- 44) **Электрондық ақша** – Kaspi-діндаусыз және кері қайтарылмайтын, электрондық нысанда сақталатын және жүйенің басқа қатысушылары төлем құралы ретінде қабылдайтын ақшалай міндеттемелері;
- 45) **Электрондық төлем қызметтері** – банк шотын пайдалана отырып төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын, шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге және ақпараттық банктік ақпараттық қызметтерге жатпайтын банк операцияларының өзге де түрлерін жүзеге асыруға байланысты көрсетілетін электрондық банктік қызметтер;
- 46) **Эмитент** – Картаны шығарған банк, соның ішінде Kaspi;
- 47) **ЭЦҚ** – «Kaspi Bank» АҚ Куәландырушы орталығының шығарған электрондық цифрлық қолтаңбасы.
- 1.2. Ережелерде пайдаланылатын, бас әріппен жазылған өзге терминдердің де Үлгі ережелерде және Kaspi мен Клиенттің арасында жасалатын шарттардағы мағынасы бар.
- 1.3. Шартты орындаған кезде Тараптардың ЭЦҚ-ны пайдалану түрі, қолдану тәртібі мен құқықтық салдары Интернет желісінде <https://kaspi.kz/guide> мекенжайында орналасқан «Kaspi Bank» АҚ Куәландырушы орталығының Регламентінде айқындалған.

2. Жалпы ережелер және Шартты жасасу тәртібі

- 2.1. Шарт Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 212 қаулысымен бекітілген Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйімдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларының негізінде өзірленді және Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен жасалады.
- 2.2. Ережелер Клиент пен Kaspi-дің арасындағы электрондық банктік қызметтерді көрсетуге байланысты қатынастарды реттейді және Байланыс арналары арқылы, соның ішінде Kaspi.kz арқылы электрондық банктік қызметтерді көрсету тәртібі мен тәсілдерін айқындаиды.
- 2.3. Ережелердің аясында Клиенттің құқықтары банктік қызметтер көрсету туралы шарттар бойынша, соның ішінде Үлгі ережелерге сәйкес жасалған шарттар бойынша іске асырылады және бұл жағдайда Ережелер Үлгі ережелердің ажырамас бөлігі болады. Клиент пен Kaspi-дің арасында қашықтан банктік қызмет көрсету туралы ережелер қамтылған қолданыстағы шарттар болған кезде, тиісті банктік қызметтер көрсету шарттарын жасасу немесе өзгерту үшін қажет болатын құжаттар Kaspi.kz-тің көмегімен, егер шартта өзгеше көзделмесе, онда тиісті электрондық шаблонды толтыру арқылы ресімделуі мүмкін.
- 2.4. Клиент Акцепт жасау арқылы Шартқа қосылады. Акцепт – Клиенттің әрекеттері (оларды жасау Клиенттің Шарт жасасу, соның ішінде Kaspi.kz-ті ашқан кезде сұратылған ақпаратты енгізу, Терминалдар арқылы Операциялар жүргізу ниетін растайды), сондай-ақ Kaspi-мен банк қарызы және/немесе банктік қызметтер шарттарын жасасу бойынша, соның ішінде баспада жарияланған банктік қызмет көрсету шарттарының үлгі ережелеріне немесе Сайтта жарияланған қосылу шарттарына сәйкес жасалған шарттар бойынша әрекеттері. Кейбір қызмет түрлеріне қатысты Шартты жасасудың өзге тәртібі Шартта көзделуі мүмкін.
- 2.5. Электрондық банктік қызметтер Ережелерге сәйкес көрсетіледі және Ережелерде айқындалмаған бөлігінде Сайтта орналастырылған, Kaspi мен Клиенттің арасында жасалатын қосылу шарттарымен реттеледі. Шарт жасалған сәттен бастап электрондық банктік қызметтерді көрсету тәртібіне қатысты бұрын жасалған шарттардың қолданысы тоқтатылады.
- 2.6. Электрондық банктік қызметтерге қатысты Kaspi-дің өзге қызметтерін көрсету тәртібін Kaspi айқындалап, Сайтта жариялады.
- 2.7. Алдын ала төленген төлем карточкаларын шығару және пайдалану ережелері Сайтта орналастырылған Kaspi-дің құжаттарында айқындалады.
- 2.8. Банктік шоттарды ашу, төлем карточкаларын шығару және оларға қызмет көрсету ережелері, қарыз берудің үлгі ережелері Сайтта айқындалады.
- 2.9. Клиенттің Шотын ашу, сондай-ақ Картаны шығару тәртібі, Kaspi мұндай Қызметтерді көрсеткен жағдайда Ережелерде айқындалады.
- 2.10. Электрондық ақша жүйесі ережелері Сайтта орналастырылған Kaspi-дің құжаттарында айқындалады.
- 2.11. Электрондық ақшаны шығару, өтеу және онымен операциялар жүргізу тәртібі «Kaspi Bank» АҚ электрондық ақша жүйесінің ережелерінде және электрондық ақша шығару туралы шартта (Сайтта орналастырылады) белгіленеді. Электрондық ақшаны пайдаланып жүргізілетін Операциялар «Kaspi Bank» АҚ электрондық ақша жүйесінің ережелерінде және электрондық ақша шығару туралы шартта белгіленген шектеулер ескеріліп жүзеге асырылады. Kaspi-дің аталған шектеулерді белгілеуі және/немесе өзгерту туралы шешімі туралы ақпарат Сайтта орналастырылады.

3. Электрондық қызметтер тізбесі

- 3.1. Электрондық қызметтерге Kaspi.kz-те көрсетілген қызметтер жатады:

- 1) электрондық төлем қызметтері – ақпараттық банктік қызметтерге жатпайтын, Операцияларды жүргізуге, төлемдер мен ақша аударымдарын жасауға, банктік шотты(-тарды) ашуға немесе жабуға және/немесе телекоммуникация желілері бойынша, спутниктік байланыс немесе байланыстың өзге түрлері арқылы Kaspi ұсынатын банктік операциялардың өзге түрлерін жүргізуге байланысты электрондық банктік қызметтер;
- 2) ақпараттық қызметтер – Клиентке оның банктік шоттары бойынша ақша қалдығы және қозғалысы туралы, жасалған төлемдер мен ақша аударымдары туралы ақпаратты беруіне, банктік қызметті ресімдеуге, Картаны шығаруды және қайта шығаруды ресімдеуге, Операциялардың күшін жою жөніндегі хабарламаларды беруге және алуға, олар бойынша ақшаны қайтару Операцияларын өндеу нәтижелері туралы ақпарат пен мәліметтерді беруге және Клиенттің (соның ішінде чат арқылы) сұратулары бойынша не болмаса Kaspi мен Клиенттің арасында жасалған шарт бойынша көрсетілетін және көрсетілген банктік қызметтер туралы өзге ақпаратты беруіне байланысты Электрондық қызметтер;
- 3) «ШМЖС» (Шотқа Мониторинг жүргізу сервисі) қызметі;
- 4) Чат қызметі;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік шотқа төлем тапсырмасы, төлем талабы, төлем ордері арқылы нұсқаулар қою;
- 6) Байланыс арналары, Терминалдар, Мобильді қосымша арқылы банктік шотқа ақшаны есепке жазу;
- 7) Клиенттің Kaspi-ге төлем нұсқауын, төлем жасау не болмаса банктік шотқа ақша аудару туралы төлем ордерін жолдау;
- 8) аударуға, Төлем жасауға өтінішті Kaspi-ге беру;
- 9) Клиенттің (Серіктестің тауарларын/жұмыстарын/қызметтерін сатып алушының) Серіктестің пайдасына, соның ішінде электрондық ақшаны пайдаланып, ақша аударуға/төлем жасауға электрондық нұсқауға бастама көтеруі;
- 10) Клиенттің Жеке кабинетіне Картаның электрондық деректемелерін жолдау арқылы Картаны шығару/қайта шығару;
- 11) Шартта және Клиентпен жасалған банктік қызмет көрсету шарттарында көзделген өзге электрондық банктік қызметтер.

3.2. Kaspi Клиентке Ережелерде, Шарт жасасқан сәттегі Тарифтерде немесе Kaspi.kz-те көзделмеген жаңа электрондық банктік қызметтерді соның ішінде ақылы қызметтерді ұсынуға және мұндай қызметтерге Тарифтердің мөлшерлемелерін белгілеуге құқылы. Бұл жағдайда Kaspi мұндай жаңа қызметтерді көрсету талаптарын Kaspi.kz-те орналастыру арқылы және (немесе) Клиенттерге Kaspi.kz функционалы арқылы жаңа қызметтерді алу мүмкіндігін ұсыну арқылы Клиентке қосымша қызметтерді көрсету (қосу) ұсыну туралы хабарлама жолдайды. Клиентке қосымша (жаңа) қызметтер Клиент жарияланған қосымша қызметтерді көрсету талаптарында көзделген қызметтерді алу бойынша әрекеттерді жасау, соның ішінде Kaspi.kz арқылы, Шот-көшірmedегі Kaspi-дің (қызметтерді қосу) ұсынысының талаптарында көзделген тәсілдермен ақпаратты сұрату сияқты конклюденттік әрекеттерді немесе өзге әрекеттерді жасаған жағдайда көрсетіледі (қосылады).

3.3. Банктік қызмет көрсету шарты негізінде Клиенттер Kaspi-де ашқан Шоттарға қатысты электрондық қызметтер (көсіпкерлік қызметке, нотариаттық қызметке, адвокаттық қызметке, атқарушылық құжаттарды орындау бойынша қызметке, дауларды медиация тәртібімен реттеу бойынша қызметке байланысты операцияларды жүргізу үшін) Kaspi белгілеген шектеулерді, соның ішінде Мобильді қосымшада осындағы Шот бойынша жасау үшін қолжетімді Төлемдер (Төлем қызметтері) тізбесін ескере отырып көрсетілуі мүмкін.

4. Электрондық қызметтерді көрсету тәртібі және ең ұзақ мерзімі

4.1. Электрондық банктік қызметтерді көрсету, соның ішінде Kaspi.kz-те банктік қызмет көрсету және оларға қолжетімділік алу Интернет желісі арқылы және өзге Байланыс арналары арқылы Мобильді қосымшанды пайдаланып, соның ішінде дербес деректер қамтылған электрондық ақпараттық ресурстарды автоматтандырылған өндеуді пайдалана отырып жүзеге асырылады, нәтижесінде дербес деректер субъектісінің құқықтары, занды мүдделері пайда болады, өзгереді немесе тоқтатылады (деректерді автоматтандырылған өндеу).

Клиент Шартқа қосыла отырып және (немесе) Шарт бойынша қызмет алу үшін хабарласа отырып, деректерді автоматтандырылған өндеуді пайдалану туралы хабардар етілді есептеледі және Kaspi тек деректерді автоматтандырылған өндеу негізінде шешім қабылдауға құқылы екендігімен келіседі».

4.2. Төлем қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында, төлем жүйелерінің қолданылатын ережелерінде, Kaspi-дің қауіпсіздік ресімдерінің талаптарына, Kaspi-дің ішкі рәсемдерінде көзделген тәртіппен көрсетіледі. Төлем қызметін көрсетудің кейбір ерекшелері Клиентпен жасалатын шарттарда белгіленуі мүмкін.

4.3. Электрондық төлем қызметтерін көрсетудің ең ұзақ мерзімі – егер заңнамада немесе шарттарда өзгеше көзделмесе, тиісті нұсқау түсінен Kaspi-дің Операциялық күні ішінде.

4.4. Карта Жеке кабинетте көрсетілген Клиенттің Шоттарына, егер Картаны пайдаланып мұндай шоттарға қолжетімділік Kaspi.kz-те берілсе, қол жеткізу құралы болып табылады. Картаны пайдаланып аударым немесе төлем бойынша әрекеттер жасау кейіннен Карта арқылы Клиенттің тиісті банктік ағымдағы шоты бойынша Операциялар жүргізуге Клиенттің келісімі болып табылады. Клиент Kaspi-ге төлемді немесе аударымды жіберушіге/алушыға Клиенттің, Қосымша картаны ұстаушының тегін, атын, әкесінің атын, телефон нөмірін, ЖСН-ін, сондай-ақ пайдаланушылар Мобильді қосымшада Клиенттің (Қосымша картаны ұстаушының) телефон нөмірін немесе Мобильді қосымша арқылы Жеке кабинетте Картаның (Қосымша карта) нөмірін енгізген жағдайда, Клиенттің (Қосымша картаны ұстаушының) Картасының (Қосымша картасының) бары, тегі, аты, әкесінің аты туралы ақпаратты хабарлауға құқық береді.

4.5. Kaspi.kz-те төлемдер жасаған кезде Клиент шығыс Операцияларын жүргізу бойынша лимиттер белгілеген жағдайда, Клиент төлемдерді белгіленген лимиттер шегінде жасайды.

5. Комиссиялардың мөлшерлері. Оларды ұстау тәртібі

5.1. Төлем қызметінің ақысын төлеу бойынша комиссиялардың мөлшерлері және оларды ұстау тәртібі туралы ақпарат Тарифтерде көрсетіледі.

5.2. Төлем/электрондық банктік қызмет ақысын Клиент Сайтта жарияланған Тарифтерге сай төлейді.

5.3. Клиент электрондық төлем қызметінің әр түрінің (әр аударым операциясының) ақысын Тарифтерде көрсетілген тиісті мөлшерлеме бойынша төлейді.

5.4. Клиент төлем қызметінің ақысын, егер Тарифтерде өзгеше көзделмесе, ол көрсетілгенге дейін төлейді.

5.5. Егер шарттарда өзгеше көзделмесе, қызмет ақысы Клиенттің банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы не болмаса комиссия сомасын есепке жазылатын ақша сомасынан ұстау арқылы не болмаса техникалық овердрафтың есебінен төленеді. Клиент Kaspi-ге Шарттың талаптарына сай комиссияны есептен шығаруға келісім береді.

5.6. Егер Тарифтерге сай қызмет көрсетілгені үшін комиссия ұстау көзделсө, комиссия мөлшері туралы ақпарат, сондай-ақ комиссия ескерілгенде, Операцияның қорытынды сомасы Kaspi.kz-те (Мобильді қосымшада) Клиент Kaspi-дің мұндай қызметті көрсетуіне келісімін берген сәтке дейін көрінеді.

5.7. Операция төлем карточкасы арқылы жүргізілген кезде, комиссия Операция сомасына қарай есептеледі және Авторизациядан өтүге сұратудың жалпы сомасына қосылады. Kaspi комиссияны оны пайдаланып Операция жүргізілген төлем карточкасының банктік шотынан Клиенттің қосымша өкімдерінсіз, егер қызмет көрсетілгенге дейін комиссия төлеудің өзге талаптары Клиентке Kaspi.kz немесе өзге Байланыс арналары арқылы хабарланбаса, Операция (аударым/төлем) сомасынан ұстеме есептен шығарады.

5.8. Операция жүргізілген сәтте немесе Авторизациядан өткен сәтте тиісті банктік шотта Қызмет көрсетуге және Комиссия төлеуге жеткілікті (егер оны ұстау көзделсө) сома болмаған кезде, сондай-ақ Эмитент Авторизациядан өтуден бас тартқан жағдайда, Kaspi қызмет көрсетуден бас тартады және төлем/аударым жүргізбейді.

6. Электрондық құжаттарды ұсыну тәртібі мен мерзімдері

6.1. Kaspi.kz-те төлемдер немесе ақша аударымдары бойынша Электрондық қызметтердің көрсетілгенін растайтын құжаттар (растайтын құжаттар) Клиентке электрондық тәсілмен қызмет көрсетілгеннен кейін Kaspi.kz-те көрсету арқылы және/немесе Клиенттің көрсеткен Телефон нөміріне қысқа мәтіндік және/немесе мультимедиялық хабарлар арқылы және/немесе Kaspi айқындаған Байланыс арнасы арқылы басқа тәсілмен жолданады.

6.2. Төлем қызметін жеткізуінің ұстайтын көрсетілетін төлем қызметі бойынша ақшалай түрдегі комиссиясының мөлшері туралы ақпарат, егер заннамада немесе Шартта өзгеше көзделмесе, Байланыс арналарының біреуі арқылы Kaspi-ге нұсқау қойылған сәтте беріледі.

6.3. Kaspi растайтын құжаттарды Клиент сұратқаннан кейін 24 сағаттың ішінде Kaspi.kz арқылы электрондық түрде береді. Клиент Kaspi.kz-те тиісті қызметті көрсету тарихы бөліміне кіру арқылы сұратады. Сеанс аяқталғанда, құжаттарды алған сәтке дейін байланыс үзілгенде және т.б. қайта сұрату беру керек.

6.4. Клиенттің Ұзінді көшірмені сұратуы және Kaspi-дің оның ұсынуы Мобильді қосымша арқылы жүзеге асырылады. Ұзінді көшірмede ақпарат берілетін ең ұзақ кезең – 1 жыл.

6.5. Клиент пен Kaspi-дің арасындағы өзара қатынастарда пайдаланылатын, Клиент Kaspi.kz-тегі Жеке кабинетте, Мобильді қосымшада, Терминалдарда сәтті авторизациядан өткен электрондық түрдегі құжаттар қағаз жеткізгіштегі тиісті құжаттарға тең болып танылады және оларға ұксас Тараптардың Шарт бойынша (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қағаз жеткізгіште берілуі тиіс құжаттар мен шарттардан басқа) құқықтары мен міндеттерін тудырады.

6.6. Kaspi Клиенттің Телефон нөмірінен алған SMS-сұратуды Клиенттің өзі жіберген болып саналады, бұл ретте Kaspi Телефон нөміріне SMS-хабарлар түрінде жіберілетін мәліметтерді немесе Телефон нөміріне, соның ішінде мобильді телефонға немесе Телефон нөмірі қолданылатын Клиенттің өзге құрылғысына қолжетімділікті үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алуымен байланысты қауіптер үшін жауапкершілік атқармайды.

6.7. Kaspi Қызмет көрсету нәтижесі туралы Клиентке Kaspi.kz-тің экрандық нысанына Қызмет көрсету нәтижесі бар хабарламаны шығару арқылы немесе өзге Байланыс арналарын пайдаланып хабарлайды.

Төлем карточкаларының арасында ақша аударған кезде Kaspi Эмитенті болып табылмайтын төлем карточкасына ақшаны есепке жазу мерзімі төлем карточкасының Эмитент-банкіне байланысты болады.

7. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

7.1. Kaspi-дің:

- 1) Ережелерде көзделген жағдайларда, соның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекетік органдарының тарапынан Клиентке қойылған талаптар болған жағдайда, Шоттар бойынша Операциялар жүргізуден бас тартуға;
- 2) Терминал арқылы электрондық банктік қызметтердің функционалын шектеуге;
- 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, соның ішінде КЖ/ТҚҚ туралы заңнамаға сәйкес Клиенттің Шоттары бойынша Операциялар/Төлемдер жүргізуі тоқтата түрүға;
- 4) төлем деректемелерін көрсеткенде Клиенттің қате жібергені анықталғанда, Клиент Kaspi-ге қажетті құжаттарды/деректемелерді бермеген немесе толық жиынтығын бермеген жағдайда, сондай-ақ Операциялар/Төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Kaspi-дің ішкі құжаттарына және Шарттың талаптарына қайшы келген жағдайда Клиенттің нұсқауларын орындауға;
- 5) Клиент Шарттың талаптарын бұзғанда және/немесе Клиенттің Kaspi-дің алдында берешегі болғанда және/немесе Шоттар бойынша салынған тыйымдар болғанда, Шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрылғанда немесе заңнамаға сәйкес өзге шектеулер болғанда және/немесе Клиенттің жеке басы расталмағанда және/немесе Kaspi-дің белгілеген қауіпсіздік критерийлеріне сәйкес күмәнді және/немесе алаяқтық операцияға жатқызылса және/немесе Клиентке Kaspi-ге немесе үшінші тұлғаларға залал келтіру мүмкін Операция жүргізілген жағдайда және Ережелерде көзделген өзге жағдайларда немесе Kaspi-дің қалауы бойынша Клиенттерге келтірілуі мүмкін залалдың алдын алу мақсатында Kaspi.kz-те, Терминалдарда, Мобильді қосымшада көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті бұғаттауға;
- 6) Клиенттен құжаттарды және валюталық бақылау жасауға және заңнаманың және Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындауға қажетті өзге ақпаратты сұратуға;
- 7) Kaspi.kz-те, Терминалдарда, Мобильді қосымшада Операциялар/Төлемдер бойынша шектеулерді белгілеуге және біржақты тәртіппен өзгертуге;
- 8) Пароль жоғалған жағдайда Шоттан ақшаны Парольді пайдаланып жүргізілген Операциялар сомасының мөлшерінде, Kaspi Клиенттен Kaspi.kz-ке қолжетімділіктің бұғатталғаны туралы жазбаша хабарды (соның ішінде фактін) алған немесе Call Center-ге хабарласқан сәтке дейін есептен шығаруға;
- 9) Операцияны жасалған шарттарға сәйкес техникалық овердрафтың есебінен орындауға;
- 10) өз қалауы бойынша, оның ішінде, Kaspi-дің пікірінше, Шарт жасасқан кезде Клиент ұсынған сауалнамалық деректерді өзгерту күдікті болған жағдайда, Клиенттің сауалнамалық деректерін электрондық түрде өзгертуден бас тартуға немесе өзгерту процесін тоқтата түрүға;
- 11) егер Операцияға қатысушы және/немесе онымен тікелей немесе жанама байланысты тұлға елдер, одақтар, үйімдар енгізген халықаралық санкциялардың, тыйым салудың, шектеулердің ықпалында болса және (немесе) санкциялық элементпен, соның ішінде санкциялық тауарлармен/қызметтермен өзге де байланысы болса, сондай-ақ халықаралық санкцияларды бұзудың әлеуетті тәуекелдері болған жағдайда, Операцияларды жүргізбеуға;
- 12) Шартта көзделген өзге әрекеттерді жасауға **құқығы бар**.

7.2. Клиенттің:

- 1) заңнамада және Ережелерде көзделген жағдайларды қоспағанда, Шоттардағы ақшана билік етуге және АТТК-ні, Электрондық ақшаны және Картаны пайдаланып, Операциялар жүргізуге;
- 2) заңнамада, ХТЖ-да, Ережелерде және Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, VISA, MasterCard ХТЖ-ларының төлем карточкалары, басқа ХТЖ-лардың төлем карточкалары арқылы Операциялар/Төлемдер жүргізуге;
- 3) АТТК-ні және/немесе Kaspi-дің ережелеріне сай Терминал арқылы Электрондық ақшаны төлеу бойынша Операцияларды орындауға;
- 4) Шоттар бойынша Операцияларды Шоттардағы ақша қалдығы/Қолжетімді қалдық шегінде, соның ішінде Kaspi мұндай мүмкіндікті берген кезде жасалған шарттар бойынша техникалық овердрафт есебінен жүргізуға;
- 5) кез келген сәтте Шартты бұзуға ниеттенгені туралы Kaspi-ге Шартты бұзатын болжамды күнге дейін 30 (отыз) жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлауға;
- 6) Kaspi.kz-ті пайдаланып Шоттар бойынша Үзінді көшірмелерді электрондық түрде алуға;
- 7) Kaspi-дің Шартқа және/немесе Тарифтерге енгізетін өзгерістерімен және/немесе толықтыруларымен келіспеген жағдайда, Шартты бұзуға;
- 8) АТТК-ні және/немесе Электрондық ақшаны төлеу және электрондық төлем қызметтінің жасалуы бойынша қызмет көрсетілуі фактісін раставтың құжатты заңнаманың және Kaspi-дің талаптарына сәйкес нысан бойынша алуға;

- 9) Жеке кабинет арқылы Kaspi.kz-те төлемдер жасау лимитін өзгертуге/оның күшін жоюға;
- 10) Шарт жасасқан кезде Клиент ұсынған сауданамалық деректерді ЭЦҚ-ны қолданып, Мобильді қосымша арқылы жаңартуға;
- 11) чек болған кезде Kaspi-ге даулы жағдайларды қарастыру бойынша көмек сұрап, өтініш білдіруге құқығы бар.

7.3. Kaspi:

- 1) Шартқа өзгерістердің енгізілгені туралы Клиентке өзгерістер қолданысқа енгізілген күннен кешіктіремей Сайтта тиісті хабарлама орналастыру арқылы немесе Байланыс арнасын пайдаланып хабарлауға;
- 2) Клиенттің Шоттары және олар бойынша жүргізілген Операциялар/Төлемдер туралы ақпаратқа өзге тұлғалардың рұқсатсыз қол жеткізуін болдырмау үшін шаралар қолдануға;
- 3) Kaspi.kz-те ресімделген Клиенттің өкімдері мен тапсырмаларын орындауға;
- 4) Электрондық қызметтер көрсеткен кезде Клиенттен алған ақпаратты ашпауға;
- 5) Клиентке Электрондық қызметтерді көрсету фактісі бойынша банк құпиясын сақтауға;
- 6) рұқсатсыз төлемдерді тергеу, шаралар қолдану және олардың алдын алу мәселелерінде ынтымақтастық орнатуға;
- 7) Экожүйенің жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етуге;
- 8) Клиенттің сатып алғынған АТТК-нің және/немесе Электрондық ақшаның сомасына ақша аударуға талабы түскен жағдайда, Kaspi-дің белгіленген ішкі нормативтік құжаттамасының ережелеріне сай ақшаны есепке жазуға **міндеттенеді**.

7.4. Клиент:

- 1) басқа тұлғаларға Пароль, Логин туралы ақпаратты және Kaspi.kz-те қызметтер алуға берілетін өзге ақпаратты бермеуге (құпия ақпараттың жарияланбауын қамтамасыз етуге);
- 2) Шартта көзделген қолжетімділік құралдарын, Kaspi.kz-ке кіретін Логинді, Парольді жоғалтқан жағдайда, бұл туралы Kaspi-ге Клиентке қолжетімді байланыс құралдары арқылы дереу хабарлауға міндеттенеді. Kaspi қолжетімділік құралдарының жоғалғаны туралы хабарламаны алғанға дейін Клиент барлық жағдайда Шоттар бойынша, соның ішінде үшінші тұлғалар жүргізген барлық Операциялар/Төлемдер үшін жауапкершілік атқарады;
- 3) Kaspi-дің көрсеткен мерзімдерінде Kaspi-ге Операциялар/Төлемдер жүргізу үшін немесе жүргізілген Операциялар/Төлемдер бойынша заңнамаға (соның ішінде валюталық бақылау туралы, ҚЖ/ТҚҚ туралы заңнамаға) және Kaspi-дің ішкі құжаттарына сәйкес талап етілетін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынуға;
- 4) Шоттарда сақтаулы ақшаға ҚР заңнамасына, Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарына және Шартқа сәйкес билік етуге;
- 5) Kaspi-дің қызметінің ақысын Тарифтерге сай төлеуге;
- 6) Kaspi.kz-те қызметтерді алған кезде техникалық жарамды жабдықты пайдалануға;
- 7) Клиент ұстаушысы болып табылмайтын төлем карточкаларын пайдаланып, Операциялар/Төлемдер жүргізбеуге;
- 8) Мынадай:
 - есептік нөмір алу талап етілетін валюталық шартты орындауға байланысты (резиденттер үшін);
 - террористік және экстремистік және өзге терроризмге не болмаса экстремизмге дем беретін қызметті қаржыландыруға байланысты;
 - ҚЖ/ТҚ-ға байланысты немесе жүргізілуі заңнаманың өзге талаптарын бұзуға әкеп соқтыратын Операцияларды/Төлемдерді жүргізбеуге **міндеттенеді**.

8. Қауіпсіздік ресімдері. Клиенттің құқықтарын аутентификациялау және растау

- 8.1. Kaspi.kz-те банктік қызметтер көрсеткен кезде пайдаланылатын қауіпсіздік ресімдері Сайтта орналастырылады.
- 8.2. Kaspi.kz-ке және Әмиянға қол жеткізу HTTPS қорғалған хаттамасы арқылы Kaspi.kz-ке қосылу арқылы жүзеге асырылады.
- 8.3. Жеке кабинетке қолжетімділік Клиентке Kaspi.kz-те Клиентті Сәйкестендірген және Аутентификацияланнан кейін беріледі. Kaspi.kz-те сәйкестендіру Логин бойынша жүзеге асырылады. Kaspi.kz-те енгізілген Логин Клиентке берілген Логинге сәйкес келген жағдайда Клиент сәйкестендірілген болып саналады.
- 8.4. Интернет желісіндегі бірінші деңгейдің домендік атаяу – www.kaspi.kz және Kaspi.kz мобильді қосымшасы Kaspi-ге тиесілі. Kaspi Kaspi.kz сервистерін пайдаланушыларға олардың дербес және төлем деректерінің қорғалуына кепілдік береді.
- 8.5. Kaspi.kz бағдарламалық-техникалық кешені, сондай-ақ банктік жүйелермен өзара әрекет ету модульдері Kaspi-ге тиесілі және тек қана Қазақстан Республикасының аумағында орналасады.
- 8.6. Kaspi.kz бағдарламалық-техникалық кешені бәлек қорғалған желіге бөліп шығарылған.

8.7. Парольді құру үшін Клиентке Логин ретінде пайдаланылатын Клиенттің Телефон нөміріне Kaspi-ден алған ДСЖК-ні енгізу қажет.

8.8. ДСЖК Клиенттің Телефон нөміріне SMS-хабармен жіберілуі мүмкін. ДСЖК-ні енгізу Терминалда кейбір Операцияларды жүргізген кезде Клиенттің түпнұсқалығын растанады, Kaspi.kz-те Клиентті сәйкестендіреді және Kaspi.kz-те, Терминалда Төлемдер/Операциялар жүргізу үшін Клиентке Шарт бойынша электрондық банктік қызметтерге қолжетімділік беруге негіз болады. Шарт бойынша қызметтерге қолжетімділік Клиентке ол Kaspi.kz-те, Терминалда Төлемдер/Операциялар жүргізу үшін әрекеттер жасағаннан кейін және Kaspi белгілеген жағдайларда, сондай-ақ ДСЖК-ні енгізген кезде беріледі. Қызметтерге бір қолжетімділік аясында бір ДСЖК-мен бірнеше Төлемдердің/Операциялардың жүргізілгені растанады. ДСЖК Клиентті Анықтау, қосымша Тіркеу үшін де пайдаланылады.

8.9. ДСЖК-нің әрекет ету уақыты 15 минутқа тең.

8.10. Парольді өзгертуге әр жаңа сұрату қайта генерацияланған ДСЖК-мен растанады. Дұрыс Парольді енгізуге 5 рет әрекет жасауға болады, әйтпесе Клиент үшін Kaspi.kz-ке қол жеткізуға 30 минутқа бұғат қойылады.

8.11. Электрондық қызметтердің кейбір түрлері Kaspi.kz-тегі Логин болып табылатын Телефон нөміріне жіберілген ДСЖК-мен қосымша растанған кезде немесе Клиент Биометрикалық сәйкестендіруден немесе Kaspi белгілеген өзге қауіпсіздік рәсімінен өткен кезде көрсетіледі.

Егер Kaspi Клиенттің тиісті Электрондық банктік қызметтерді алуға құқығын раставау үшін Клиенттің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерінің негізінде Kaspi-де бар биометрикалық деректер бойынша Клиенттің жеке басын анықтаса, биометрикалық сәйкестендіру өткізілген болып саналады.

Клиенттің сауалнамалық деректерін Мобильді қосымшадағы Жеке кабинет арқылы өзгерту Клиенттің жазбаша өтінішпен Kaspi-ге жеке хабарласуына және Клиенттің өз қолымен қол қоюына тең.

8.12. Қауіпсіздік және Клиенттің қарожатының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Kaspi Клиенттің Kaspi.kz-тегі Жеке кабинетке қолжетімділігін бұғаттауға және/немесе қызмет көрсетуді тоқтатуға және/немесе қосымша қауіпсіздік рәсімдерін қолдануға құқылы.

8.13. Kaspi.kz-тегі клиенттердің барлық әрекеттері туралы ақпарат қөп дегенде 10 жыл сақталады.

8.14. Клиент оған Kaspi.kz-те банктік қызмет көрсетілуінен бас тартқан жағдайда, қызметтерді ажырату туралы жазбаша өтініштің негізінде қызметтерден ажыратылады. Бұл ретте Тараптардың барлық қаржылық және өзге міндеттемелері толық көлемде орындалуға тиіс.

8.15. Kaspi.kz-те қызмет көрсетілгенде және Әмиянға қызмет көрсеткен кезде туындайтын банктік құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, оны рұқсатсыз өзгерту, рұқсатсыз төлемдерді немесе ақша аударымдарын және өзге де рұқсат берілмеген іс-әрекеттерді жүзеге асыру анықталған кезде, Kaspi олар анықталған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы осындаі іс-әрекеттерге жол беруге қатысы бар Клиентке хабарлайды.

8.16. Заңнамада және/немесе Шартта белгіленген талаптар сақталмай жасалған төлем рұқсат етілмеген болып табылады. Қолдан жасалған төлем құжаттарын немесе қолдан жасалған төлем құралдарын пайдаланып жасалған төлемдер де рұқсат етілмеген болып табылады.

8.17. Рұқсат етілмеген төлемден қорғану әрекеттеріне келесі әрекеттер жатады:

- 1) егер төлем құжаттары қағаз жеткізгіште қабылданған жағдайда, қолдан жасау, түзету, толықтыру және қолдан түзету белгілері барын көзben тексеру;
- 2) Шартта және Клиент электрондық нысанда бастама көтерген электрондық банктік қызметтерді көрсету үшін Kaspi-дің айқындаған қауіпсіздік рәсімдерін орындау.

9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Шарттың талаптарын орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сай жауапкершілік атқарады.

9.2. Тараптар Шарт бойынша кез келген міндеттемесін бұзған жағдайда, тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлеу және шығындар мен шығыстарды өтеу Шарт бойынша тиісті міндеттемесін тиісті түрде орындау міндетінен босатпайды.

9.3. Тараптардың біреуі де кез келген зақымнан немесе байланыс жүйесіндегі немесе жабдықтағы жаңылысдан болған қандай да бір залал немесе тікелей немесе жанама шығын үшін немесе табиғи катаклизмдерден, апаттардан, қоғамдық тәртіпсіздіктерден немесе Тараптардың еркінен тыс басқа себептерден болған қызметтер көрсетудегі үзілістер үшін екінші Тараптың алдында жауапкершілік атқармайды. Егер кез келген мұндай жағдай міндеттемелерді Шартта белгіленген мерзімде орындауға тікелей әсер етсе, бұл мерзім тиісті жағдайдың әрекет еткен уақытына ұзартылады. Қазақстан Республикасының үекілетті органының форс-мажор жағдайларының туындағанын растанатын жазбаша күелігі форс-мажордың дәлелі болып табылады.

9.4. Kaspi:

- 1) құжаттар ресімдегендеге және Терминалдардағы қызметтерді, Kaspi.kz-тегі қызметтерді және Әмиян қызметін көрсеткенде және өзге Байланыс арналарын пайдаланған кезде дұрыс емес телефон нөмірлерін, деректемелерін көрсеткенде Клиенттің жіберген қателері үшін;

- 2) Клиентке хабарлар, соның ішінде Push-хабарламалар жолдауға және Клиенттен SMS-сұратулар алуға мүмкіндіктің болмағаны үшін («ШМЖС» қызметін көрсету мүмкін болмағаны үшін), егер мұнданай мүмкіндіктің болмауы Клиенттің және/немесе Байланыс операторының арасында бар құқықтық қатынастар аясында олардың әрекетінен не болмаса әрекетсіздігінен болған, сондай-ақ Клиенттің, Байланыс операторының және өзге үшінші тұлғаның өзге әрекеттерімен байланысты немесе Kaspi-дің бақылау саласынан тыс тұрган өзге себептерден болған жағдайда, жауапкершілік атқармайды және Байланыс операторының не болмаса өзге үшінші тұлғаның әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде Клиенттің шеккен кез келген шығын үшін жауапкершілік атқармайды;
- 3) электр энергиясының ажыратылуы, байланыс желілерінің зақымдалуы, сондай-ақ Клиенттің түсініксіз, толық емес немесе дәл емес нұсқауларының салдарынан туындағының қателік, дұрыс түсіндірмей және т.с.с., үшінші тұлғалардың төлемдерді орындағаны немесе орындауды кешіктіргені нәтижесінде, Клиенттің Шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзуы, үшінші тұлғалардың сервистерінің, соның ішінде МобиЛЬДІ қосымша арқылы кіруге рұқсат берілетін мемлекеттік қызметтердің жұмысының бұзылуы нәтижесінде туындаған және Kaspi-ге байланысты емес басқа себептер бойынша туындаған төлемдерді орындағаны немесе орындауды кешіктіргені үшін жауапкершілік атқармайды. Kaspi-ге қатысы жоқ себептерден туындаған және Kaspi-дің хабарламаларын және Клиенттің Шоттары бойынша үзінді көшірмелерді Клиенттің уақытылы алмауына немесе алмауына әкеп соқтырған Интернеттің, поштаның, байланыс желілерінің жұмысындағы жаңылысулар үшін Банк жауапкершілік атқармайды. Kaspi-дің Шарттың талаптарын орындағаны әкеп соқтырған техникалық жаңылысулар (электр қуатының және байланыс желілерінің ажыратылуы/зақымдалуы, бағдарламалық қамсыздандырудың жаңылысулары, төлем жүйелеріндегі техникалық жаңылысулар) болған жағдайда, Банк мүліктік жауапкершіліктен босатылады;
- 4) егер Шоттар, Пароль, Логин, ДСЖК немесе Клиенттің жүргізген Операциялары/Төлемдері туралы ақпарат оларды пайдаланған уақытта байланыс арналарын тындау немесе ұстап алу, Клиенттің пайдаланатын құрылғысының операциялық жүйесін бұзу, құпия ақпаратты Клиенттің жария етуі нәтижесінде, соның ішінде Клиенттің мобиЛЬДІ телефонды, планшетті немесе өзге жабдықты, бағдарламалық қамсыздандыруды (солардың көмегімен қызметтерге қол жеткізіледі, Клиентті Аутентификациялайдын және Анықтайды) жоғалтуына немесе үшінші тұлғаларға беруіне өзге тұлғаларға белгілі болса, сондай-ақ Kaspi.kz-те, соның ішінде МобиЛЬДІ қосымша арқылы қызметтер алған кезде жарамсыз жабдықты, вирустық бағдарламалық қамсыздандыруды бар жабдықты пайдаланған жағдайда,
- 5) Клиенттің сауалнамалық деректерін ауыстырған кезде ЭЦҚ (немесе ЭЦҚ кодтары/парольдері) туралы ақпарат Клиенттің өзінің кінесінен үшінші тұлғаларға белгілі болған жағдайда, жауапкершілік атқармайды.
- 9.5. Клиент Kaspi.kz-те, соның ішінде МобиЛЬДІ қосымша, Терминал арқылы жүргізілетін және Әмиянға қызмет көрсеткенде, соның ішінде МобиЛЬДІ қосымша арқылы Шартта көзделген оны Сәйкестендіру және Аутентификациялау құралдарын пайдаланып жүргізілетін барлық операциялар үшін жауапкершілік атқарады.

10. Электрондық қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру, тоқтату. Клиентке хабарлау тәртібі мен нысандары

- 10.1. Мына жағдайларда:
- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, соның ішінде нұсқауды орындаудан бас тарту үшін;
 - 2) Kaspi-дің пікірі бойынша, рұқсат етілмеген төлем белгілері анықталғанда;
 - 3) егер Клиент Шартта көзделген тәртіппен сәйкестендірілмегендеге (анықталмағанда);
 - 4) егер Шоттардағы ақша сомасы операцияларды жүргізуға және Тарифтерде көзделген комиссияларды есепten шығаруға жеткіліксіз болғанда;
 - 5) ұсынылған құжаттар заңнаманың талаптарына сәйкес келмегендеге;
 - 6) Қазақстан Республикасының ҚЖ/ТҚҚ туралы заңнамасында, валюталық заңнамасында көзделген жағдайларда;
 - 7) Клиент Шарттың немесе Клиентпен жасалған өзге шарттардың талаптарын елеулі түрде бұзған жағдайларда;
 - 8) Kaspi-дің алдында берешегі болғанда;
 - 9) егер ақша сомасы, (Шоттардағы ақшаның) Қолжетімді қалдығы операциялар жүргізуға және Тарифтерде көзделген комиссияларды есепten шығаруға жеткіліксіз болса немесе өнімнің талаптарына сай толықтыруға болатын ең көп сомадан асып кетсе (оған жасалған шарттар бойынша техникалық овердрафты пайдалану жағдайы қосылмайды);
 - 10) Клиенттің сұратқан Операциясын жүргізуға төлем карточкасының Эмитентінен Авторизациядан өту алынбағанда;
 - 11) қызмет көрсетілген сәтте қолданыстағы Kaspi-дің белгілеген шектеулері мен лимиттері (олар туралы ақпарат Kaspi.kz немесе Байланыс арналары арқылы Клиенттің назарына жеткізіледі) немесе төлем карточкасының Эмитенті белгілеген лимиттер/шектеулер бұзылғанда;

- 12) банктік шоттардың төлем карточкаларының валюталарының Операция жүргізу валютасына сәйкес келмегенде;
- 13) Операция жүрзілетін және Авторизациядан өткен сәтте банктік шотта Қызмет көрсетуге және комиссия төлеуге жеткілікті сома болмағанда, сондай-ақ Эмитент Авторизациядан өтуден бас тартқан жағдайда;
- 14) шарттарда көзделген өзге жағдайларда, Kaspi төлем қызметін көрсетуден бас тартуға/көрсетуді тоқтата түруға құқылы.

10.2. Шартта көзделген жағдайларда, соның ішінде Шарттың талаптары бұзылған кезде, Kaspi-дің заңнамаға және/немесе Шартқа сәйкес шаралар қолдануға, соның ішінде:

- 1) қызмет көрсетудің ықтимал шектелетіні туралы ескеरтуге;
- 2) қызметтерді көрсетуді шектеуге және (немесе) тоқтата түруға;
- 3) Kaspi.kz-ке қолжетімділікті бұғаттауға;
- 4) Шартты біржакты тәртіппен бұзуға құқыбы бар.

10.3. Мына жағдайларда:

10.3.1. Клиент Шартта көзделген электрондық банктік қызметтерді алу тәртібі мен талаптарын бұзғанда;

10.3.2. Электрондық банктік қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз ететін техникалық құралдар істен шыққанда;

10.3.3. банктер және банк қызметі туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, ҚЖ/ТҚҚ туралы заңдарда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және шартта көзделген өзге де негіздер бойынша, соның ішінде:

- 1) қызметті өшіру туралы Клиенттің өтініші болғанда (Kaspi.kz-те қызмет көрсету Клиенттің өшіру туралы жазбаша өтінішін алғаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні өткен соң тоқтатылады);
- 2) Kaspi.kz-те техникалық жұмыстар жүргізілгенде;
- 3) оларға сәйкес қызметтерді көрсету тоқтатылатын немесе тоқтатыла тұратын Клиентпен жасалған шарттардың талаптары өзгергенде;
- 4) Клиентке қызметтер көрсетуді тоқтатқанға дейін күнтізбелік 1 күн бұрын онымен жасалған Шартты орындаудан біржакты тәртіппен бас тартатыны туралы хабарлағанда;
- 5) Kaspi.kz-тегі қолжетімді қызметтердің тізбесінен қызмет алынып тасталғанда;
- 6) Kaspi кез келген ақпарат көздерінен Клиент туралы теріс ақпарат алғанда, Жеке кабинетте Kaspi-дің пікірі бойынша Клиент үшін немесе Kaspi үшін теріс салдарларға әкеп соғуы мүмкін құмәнді іс-әрекеттер және Карта бойынша Операциялар болғанда, Kaspi.kz-те Клиент үшін қызметтерді көрсету тоқтатыла түрады немесе тоқтатылады.

10.3.1., 10.3.2-тармақшаларда көрсетілген жағдайларда, Kaspi Клиентке МобиЛЬДі қосымшада немесе www.kaspibank.kz сайтында немесе өзге Байланыс арнасы бойынша хабарлайды.

10.4. Клиент қызметтерге қол жеткізу үшін пайдаланатын Пароль, Логин, ДСЖК, жабдық, бағдарламалық қамсыздандыру жоғалған жағдайда, Kaspi Клиенттен Kaspi.kz-ке қолжетімділігін жоғалтқаны туралы жазбаша хабарын (соның ішінде факспен) алған сәтке дейін және/немесе Клиент Call Center арқылы Жеке кабинетті бұғаттаған сәтке дейін Банк Шоттан/төлем карточкасынан Парольді және/немесе ДСЖК-ні пайдаланып жүргізілген Операциялардың/Төлемдердің сомасы мөлшерінде ақшаны есептен шығарады.

10.5. Kaspi Клиентке қосымша хабарлаусыз рұқсатсыз төлемдерден қауіпсіздік деңгейін арттыру, алаяқтық әрекеттердің алдын алу, құпия ақпараттың жария етілуіне немесе өзге құқыққа қарсы әрекеттерге жол бермеу мақсатында төлем қызметін көрсетуге қажетті қосымша талаптарды көздеуі немесе өзгертуі мүмкін.

10.6. Kaspi МобиЛЬДі қосымшада немесе Сайтта немесе Kaspi.kz арқылы немесе өзге Байланыс арналары арқылыбыл туралы хабарлап, біржакты тәртіппен Шартта көзделген Қызметтердің кез келгенін көрсетуден оны МобиЛЬДі қосымшадан алып тастау арқылы бас тартуға/тоқтатуға/тоқтата түруға не болмаса Шарттан бас тартуға құқылы.

10.7. Шарт бойынша ақпарат Байланыс арналарының біреуі, соның ішінде Call Center арқылы Клиенттің назарына жеткізіледі. Call Center клиенттердің қонырауларын қабылдайды және өндейді, Kaspi-дің өнімдері мен қызметтері туралы хабарлайды, Карталарды іске қосады, бұғаттайды және Клиентке ағымдағы қызмет көрсету үшін Kaspi-дің айқындайтын өзге функцияларын орындаиды.

10.8. Валюталық шартты ұсыну талап етілетін валюталық операция бойынша төлем және (немесе) ақша аударымын жүргізген кезде және Клиентте (ақша жөнелтушісінде немесе ақша бенефициарында) оны ұсыну мүмкіндігі болмаған кезде Kaspi осында төлемді және (немесе) ақша аударымын Клиент жасаған немесе растиған мынадай:

- 1) уәкілдепті банкке осында төлемі және (немесе) ақша аударымы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына және (немесе) Ұлттық Kaspi-ге ұсынуын рұқсат ететін;
- 2) осы төлемінің және (немесе) ақша аударымының есептік нөмір (резиденттер үшін) алу талап ететін валюталық шартты орындауға байланысты емес екенін растигын;
- 3) осы төлемінің және (немесе) ақша аударымының террористік және экстремистік қызметті қаржыландырумен және терроризмге не экстремизмге өзге де қолдау көрсетумен байланысты емес екенін растигын жазбалары туралы мәліметтер болған кезде жүргізеді.

10.9. Аударым бенефициарының (алушысының) шотында толық орындалмаған тыйым, шығыс операцияларын тоқтата тұру немесе заңнамаға сәйкес өзге де шектеулер болған кезде, аударымды алушыны Мобильді қосымшада сәйкестендіру Карта нөмірін енгізу арқылы ғана жүзеге асырылады.

10.10. Аударым бенефициарының (алушысының) қайтыс болғаны туралы ақпарат болған кезде, Kaspi аударым жасау үшін оны Мобильді қосымшада сәйкестендіруді шектеуге құқылы.

11. Шағымдар. Даулы жағдайларды шешу

11.1. Тараптар олардың арасында даулар, қарама-қайшылықтар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен дауды сотқа дейінгі немесе сottan тыс тәртіппен реттеу бойынша шаралар (соның ішінде, бірақ шектелмей: шағымдану жұмысын жүргізу, талаптар мен хабарламалар жолдау, факсимильдік байланыспен және заңда тыйым салынбаған басқа да байланыс құралдарын пайдаланып, хаттармен, электрондық хабарлармен, SMS-хабарлармен алмасу) қолданады. Дауды сотқа дейінгі немесе сottan тыс тәртіппен реттеу бойынша қолданылған шаралардың нәтижесінде тараптар келісімге келмеген кезде, дау Kaspi орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешуге беріледі.

11.2. Шиеленісті және/немесе даулы жағдайлар туындағанда Тараптар келесі әрекеттерді жасайды:

1) Клиент мекенжайын, телефон нөмірін, шағымның мазмұнын және өзге ақпаратты көрсетіп, Мобильді қосымшадағы Kaspi Гид бөліміндегі нұсқамаларды орындаі отырып, электрондық түрде хабарлама жолдайды не болмаса Call Center-ге 9999 нөмірі (мобильді телефоннан қонырау соғу үшін), 8-727-258-59-65, 8-727-258-59-95 нөмірі (үй телефонынан қонырау соғу үшін) және 8-727-258-59-89 (шетелден телефон соғу үшін) арқылы телефон соғады;

2) Kaspi Клиентке жауапты Kaspi-ге жолданған хабарда көрсетілген мекенжайға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және мерзімдерде жазбаша түрде ұсынады.

11.3. Операция (төлем қызметтері) бойынша даулы жағдайлар туындаған жағдайда, Клиент даулы жағдай анықталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннің ішінде шағымның (болған кезде) негізділігін растайтын құжаттарды қоса тіркеп, бұл туралы Kaspi-ге жазбаша түрде хабарлайды. Kaspi-дің көрсетілген мерзім ішінде Клиенттен мұндай хабарламаны алмауы төлем қызметін көрсетудің дұрыстығын растав болып саналады.

11.4. Kaspi даулы жағдай бойынша тексеру жүргізген кезде рұқсат етілмеген төлемдердің қаупін азайту мақсатында, Kaspi өз қалауы бойынша Клиенттің мұддесіне сай Клиенттің шығындары мен шығыстарының алдын алу үшін банктік шотқа нұсқауларды қабылдауды уақытша тоқтата тұрғанды қосқанда, шаралар қолдана алады.

11.5. Егер Kaspi Клиенттің даулы жағдайы жөніндегі шағымдарын негізді деп таныса, Kaspi мұндай шығыс операциясының сомасын немесе оның баламасын қайтарады.

11.6. Kaspi негізді шағым бойынша Клиентке ақшаны ол Kaspi-ге қайтарылған кейін ғана Kaspi-дің және/немесе төлем жүйесінің нормалары мен ережелерін сақтай отырып қайтарады.

11.7. Егер даулы жағдай бойынша Клиенттің өтініші бойынша жүргізілген тергеу нәтижесінде Клиенттің шағымы негізсіз болып танылған жағдайда, Kaspi Клиенттен мұндай даулы жағдай бойынша тексеру жүргізумен байланысты Kaspi-дің барлық шығыстарын нақты құны бойынша төлеуін талап етуге құқылы.

11.8. Нұсқауды орындаудан негізсіз бас тартылғаны не болмаса нұсқаудың тиісінше орындалмағаны анықталған жағдайда, Kaspi Клиенттің шеккен шығыстарының сомасынан аспайтын құжатпен расталатын нақты залал сомасын Клиентке өтейді. Мұндай төлемді жасау Kaspi-ді мұндай нұсқауды орындаудан босатпайды, бұл ретте Клиент жаңа нұсқау қоюға құқылы.

11.9. Төлем нұсқауды орындаудан негізсіз бас тартылғаны не болмаса тиісінше орындалмағанын раставаға жеткілікті құжаттар Kaspi-ге берілген күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннің ішінде жасалады.

12. Kaspi-дің байланыс телефондары мен мекенжайлары

12.1. Kaspi-дің деректемелері: «Kaspi Bank» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 154 «А», Ұлттық Банктегі №KZ69125KZT1001300249 к/шот, БСК NBRK KZ КХ, БСН 971240001315, Сайт: www.kaspi.kz, <https://www.kaspibank.kz>, электрондық мекенжайы: office@kaspi.kz. Call Center 9999 жұмыс тәртібі: сағат 9:00-23:00 (мобильді телефоннан қонырау соғу тегін).

13. Құпия ақпарат

13.1. Тараптардың Шартты орындауға байланысты алмасатын ақпаратын олар құпия ақпарат деп санауға және оны екінші Тараптың жазбаша рұқсатының жария етпеуге келісті, оған Шарттың талаптарына сай жағдайлар және мұндай ақпаратты беру Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес міндетті болатын жағдайлар қосылмайды.

14. Клиенттің Шартты бұзу құқығы

14.1. Клиент Картаны (ол бар болса) өткізген және Kaspi-мен барлық есеп айырысады жүргізген кезде, Шартты бұзуға бастап көтеруге құқылы.

14.2. Мынадай бөлігінде:

- 1) ақшаны Шотқа қабылдау қызметі бөлігінде – ақша Шотқа есепке жазылғанға дейін;
- 2) банктік шотты пайдаланып төлем жасау қызметі бөлігінде – Kaspi Шотттан төлемді орындағанға дейін;
- 3) банктік шотты пайдаланып ақша аудару қызметі бөлігінде – Шоттан ақша аударылғанға дейін Клиент төлем қызметі нақты орындалған сәтке дейін Шартты бұзуға құқылы.

14.3. Клиенттің толтырған және Kaspi-ге жеке өзі не болмаса қолданыстағы заңнамада, Ережелерде көзделген өзге тәсілмен жолдаған тиісті өтінішті Kaspi-ге беруі Шартты бұзуға негіз болып табылады.

15. Электрондық банктік қызметтер көрсеткен кезде валюта айырбастау бағамын айқындау тәртібі

15.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Шартта көзделген жағдайларда, Шоттың валютасынан өзгеше валютада не болмаса шетел валютасында төлем қызметін көрсеткен кезде, Kaspi Шоттан ақша қаражаты есептен шығарылатын күні Kaspi белгіленген валюта айырбастау бағамын қолданады.

15.2. Шоттың валютасынан өзгеше валютада төлем немесе ақша аударымын жасаған кезде, Kaspi төлем құжаты Kaspi-ге түскен күні және уақытта қолданыста болған шетел валютасын айырбастау бағамын қолданып, Шотта көрсетеді не болмаса аударуға өтінімде ақшаны есептен шығарудың өзге тәртібі көзделуі мүмкін. Kaspi төлем құжатын Kaspi-де айырбастау бағамы немесе оны айқындау тәртібі белгіленбеген валютада орындаудан бас тартуға құқылы.

15.3. Kaspi-дің ХТЖ-мен есеп айырысу валютасы – АҚШ доллары. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары ХТЖ арқылы АҚШ долларынан өзге валютада жүргізілген Операцияның сомасы Kaspi осы Операция бойынша ХТЖ-мен есеп айырысқан күні ХТЖ белгілеген Операция валютасының АҚШ долларына шаққандағы айырбастау бағамы бойынша АҚШ долларына айырбасталады және бұл соманы Kaspi Kaspi-дің ішкі талаптарына сәйкес белгіленген, Картаны пайдаланып, төлем жасалған кезде толтырылған төлем құжаты Kaspi-ге түскен күні және уақытта қолданыста болған айырбастау бағамы бойынша АҚШ долларының сомасына балама сомада акцептсіз тәртіппен Шоттан алады.

15.4. Қазақстан Республикасының аумағында ХТЖ арқылы жүргізілген Операцияның валютасынан өзгеше валютада жүргізілетін Шоттан сома Kaspi-дің ішкі талаптарына сәйкес белгіленген, Картаны пайдаланып, төлем жасалған кезде толтырылған төлем құжаты Kaspi-ге түскен күні және уақытта қолданыста болған айырбастау бағамы бойынша Операцияның сомасына балама сомада акцептсіз тәртіппен Шот жүргізілетін валютада алынады.

15.5. Егер Шот валютасы Қазақстан Республикасының аумағында ХТЖ арқылы жүргізілген Шотқа есепке жазу (толықтыру) операциясы бойынша Операцияның валютасынан өзгеше болған жағдайда, Операция сомасы Шотқа Kaspi-дің ішкі талаптарына сәйкес белгіленген, Картаны пайдаланып төлем жасалған кезде толтырылған төлем құжаты Kaspi-ге түскен күні және уақытта қолданыста болған валюта айырбастау бағамы бойынша Операцияның сомасына балама сомада Шоттың валютасында есепке жазылады.

15.6. Мультивалюталық қызмет көрсету қызметін көрсету аясында Kaspi Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиенттің жасалған тиісті шарттарда көзделген валюталық шоттар бойынша және мультивалюталық шоттар бойынша Операциялар жүргізеді. Мультивалюталық қызмет көрсету қызметінің ақысы жүргізілген операцияларға қарай Тарифтерге сай төленеді.

15.7. Қызметтер Kaspi.kz-те Kaspi-де айқындалған шектеулер мен лимиттерді ескере отырып, валюталарда көрсетіледі. Егер Kaspi.kz-те қызметті таңдау немесе Kaspi ұсынған валютасын өзгерту мүмкіндігі болмаса, ондай мұндай қызмет көрсетілмейді (басқа валюталарда көрсетілмейді).

16. Қорытынды ережелер

16.1. Шартта тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің Kaspi-ге Шарт бойынша жолдайтын барлық хабарламаларының және (немесе) хабарларының, егер олар жазбаша түрде жасалып, Клиенттің қолы қоюылса және тапсырысты хатпен не куръер қызметімен жіберілсе не Ережелерде көрсетілген мекенжайларда қолына берілсе, күші болады және жеткізілген болып саналады.

16.2. Шартта реттелмеген барлық басқа өзара қарым-қатынастар Тараптардың арасындағы бөлек шарттармен және (немесе) қосынша келісімдермен айқындалады.

16.3. Ережелердің аясында жасалған шарт Kaspi мен Клиенттің арасында бұрын жасалған шарттармен реттелетін Kaspi мен Клиенттің арасындағы қатынастарға қосынша келісім ретінде қолданылады.

16.4. Шарттың талаптары біржақты немесе екіжақты тәртіппен өзгерілуі мүмкін.

16.5. Kaspi өзгерістерді оларды Клиент үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен жасауға құқылы. Төмендегілерге қатысты талаптардың өзгерісі Шарт бойынша жақсартулар болып табылады:

- 1) комиссия мөлшерінің азаюы;
- 2) комиссияны төлеу мерзімін кейінге қалдыру;
- 3) комиссияны төлеу бойынша женілдіктің берілуі;
- 4) қолма-қол ақшасыз төлем жасағаны үшін бонустың, көтермелеу сыйлықақылары мен төлемдердің берілуі;
- 5) Төлем қызметін көрсеткен кезде көрсетілетін қосынша қызметтердің көлемінің ұлғаюы;

- 6) рұқсат етілмеген төлемдерден, алаяқтық әрекеттерден, құпия ақпаратты жария етуден немесе өзге заңға қайшы әрекеттерден қорғайтын қауіпсіздік рәсімдерінің күшейтілуі;
- 7) қызмет көрсетудің қолайлышының арттыруды көздейтін төлем қызметтерін көрсету талаптарының және/немесе тәртібінің өзгерілуі;
- 8) Төлем қызметтерін көрсету тәртібіне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасының өзгеруіне байланысты Шарттың талаптарының өзгерілуі;
- 9) Төлем жүйелері ережелерінің немесе талаптарының өзгерілуіне байланысты Шарт талаптарының өзгерілуі (егер олардың қабылданбауы төлем қызметін көрсетуден бас тартуға немесе кешіктіруге себеп болуы мүмкін болса).

16.6. Kaspi-мен жасалған қарыз қарызы шарттарын және банктік қызмет көрсету шарттарын орындауға байланысты мәмілелер, соның ішінде қарыз қарызы шарттарының талаптарын, сауалнамалық деректерді және Дербес талаптарды өзгерту; қарыз беруге және/немесе оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдердің жаңа мәлшерлерін енгізу немесе мәлшерлерін ұлғайту, оларды ұсташа тәртібін немесе талаптарын өзгерту; төлемдерді жасау тәртібін, әдісін және тәсілдерін, Берешекті өтеу кезектілігін өзгерту қашықтан байланысу арналары арқылы хабарламалар алмасу арқылы Kaspi көздеген тәсілмен, атап айтқанда, ДСЖК, ДСН-кодты енгізу, электрондық және өзге құжат алмасу, Жеке кабинетте және/немесе Терминалда әрекеттер жасау арқылы орындалған және екіжақты тәртіппен жасалған болып саналады.

16.7. Шарттың талаптары мынадай тәсілдердің бірімен: тиісті келісімге қол қою; хаттармен, жеделхаттармен, телефонжазбалармен, телетайп жазбалармен, фактармен, электрондық құжаттармен, электрондық хабарлармен немесе тараптардың ерік білдіруінің мазмұнын анықтайтын басқа құжаттармен алмасу арқылы немесе заңнамада көзделген қорғаныс әрекеттерінің өзге элементтерімен куәландауды, атап айтқанда, динамикалық сәйкестендіру жүйесінің кодын, ДСН-кодын енгізу, Жеке кабинетте немесе электрондық терминалда әрекеттер жасау арқылы, байланыс арналары бойынша хабарлармен алмасу арқылы, Kaspi-де көзделген тәсілмен, өзгерістерді/толықтыруларды, өзгерілген құжаттарды, Тарифтерді немесе жаңа редакциядағы құжаттарды Kaspi-дің қалауы бойынша келесі тәсілдердің кез келгенімен: жеке қолға табыстау, факсимильді байланыс, Сайттағы жарияланым немесе өзге Байланыс арнасы бойынша өзгерістер енгізілгенге дейін құнтізбелік 3 күн бұрын Клиентке өзгерістер туралы хабарлау арқылы, егер Клиент олар құшіне енгізілгенге дейін өзгерістер енгізуден жазбаша бас тартпаса, екіжақты тәртіппен өзгеріліу мүмкін. Осы тармақта көзделген тәсілдердің бірімен жасалған мәмілелер Тараптардың келісімімен жазбаша түрде мәміле жасаумен тең.

Егер Клиент Ережелерге сай Kaspi хабарлаган өзгерістердің енгізіліуімен келіспесе, Клиент өзгерістер құшіне енгенге дейін Kaspi-ге жазбаша хабарлап, Шарттан, Ережелерден бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда өзгерістер енгізілген болып саналмайды және қолданылмайды. Көрсетілген тәртіппен бұзыту туралы хабарланған жағдайда, Шарт, Ережелер Kaspi енгізген өзгерістер құшіне енген күннен бастап бұзылады, бұл ретте Клиент бұзыға дейін туындаған барлық міндеттемелерді орындауға міндетті.

Егер осы Ережелерге сай Kaspi хабарлаған өзгерістер құшіне енгеннен кейін Клиент қызметті пайдалануын жалғастырса, Клиент барлық өзгерістерді қабылдаған болып саналады.

16.8. Төлем қызметін көрсету мүмкіндігін көздейтін банктік қызмет көрсету шарттарының өзгерісі осындай шарттарда көзделген тәртіппен және талаптарда енгізіледі.

16.9. Kaspi төлем қызметін көрсетуге арналған шарт жасалған күнгі жағдай бойынша белгіленген халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жасалған кезде ұсталынатын төлем қызметі бойынша комиссияны ұлғайту жағына қарай біржакты тәртіппен өзгертуге құқылы, олар бойынша Kaspi комиссияның өзгерілгені туралы Клиентке өзгерістер енгізілгенге дейін құнтізбелік 1 (бір) күннен кешіктірмей хабарлайды.

16.10. Шарттың қолданылу мерзімі – мерзімсіз.

17. Электрондық қызметтерді алу тәсілдері

1-тапау. «ШМЖС» (Шотқа мониторинг жүргізу сервисі) қызметі

1. Шоттар бойынша, ақша аударымын, төлемдерді жасау, Операцияларды жүргізу және олардың құшін жою бойынша ақпарат беру «ШМЖС» қызметі арқылы жүзеге асырылады.

2. «Kaspi автоматты режимде Push-хабарламаларды және/немесе соның ішінде Клиенттің Шот бойынша Операция жүргізгені туралы және Төлем лимитінің өзгергені туралы мәліметтер; Төлем лимиті туралы мәліметтер қамтылған SMS-хабарларды; Шағын үзінді көшірмелерді және Шот бойынша операциялар туралы басқа ақпаратты, соның ішінде Қосымша карта бойынша операцияларды бақылауға байланысты ақпаратты (интернетте сатып алуға рұқсатты ашу қажеттілігі туралы, раставу коды бар Интернетте сатып алуға рұқсатты ашу туралы, интернетте сатып алуға белгіленген лимиттен асып кеткені туралы және т.б.) жолдайды.

Қосымша карта немесе оған ашылған Шот арқылы жүргізілетін Операциялар туралы мәліметтер Жеке кабинетке Push-хабарламалар не Клиент раставаған Қосымша картаны ұсташының телефон нөміріне жіберілетін SMS-хабарлар арқылы жіберіледі.

3. SMS-сұратуларды Kaspi-ге беру үшін телефонның(-дардың) нөмір(-лер)і туралы ақпаратты Клиент Kaspi-ге, соның ішінде Call Center телефоны арқылы хабарласып немесе Сайттан алады.

4. Kaspi SMS-сұратулар беру үшін телефон нөмірлерін өз қалауынша анықтауға құқылы, бұл ретте Kaspi мұндай өзгерістер туралы Клиентке өзгерістердің болжамды күніне дейінгі 10 (он) күннен кешіктіремей Kaspi-дің ішкі құрылымдық бөлімшелеріндегі және филиалдарындағы ақпараттық стендтерде және/немесе Сайтта және/немесе SMS-хабар жолдау арқылы хабарлайды.

5. «ШМЖС» қызметін алу үшін, соның ішінде GSM стандартында SMS-хабарлар және/немесе Push-хабарламалар жолдау және алу үшін Клиенттің техникалық мүмкіндіктері мен құралдары болғанда және мынадай барлық ережелер сақталған кезде:

1) Клиент Kaspi-ге «ШМЖС» қызметін алу үшін қажетті ақпаратты берген;

2) KaspiТелефон нөмірін іске қосқан жағдайда «ШМЖС» қызметі көрсетіледі.

6. «ШМЖС» қызметтері Kaspi Шартты/Банктік қызмет көрсету шартын акцепттеген, Клиентке «ШМЖС» қызметін көрсету үшін Kaspi техникалық шектеулерді алған және Kaspi-дің SMS-сұратуларды алуы және SMS-хабарларды не болмаса Push-хабарламаларды жолдауы мақсатында Kaspi-дің Деректер базасында «SMS-сервис» қызметі үшін Клиенттің Сауалнамасында көрсетілген Клиенттің мобиЛЬДІ/ҰЯЛЫ Телефон нөмірін Kaspi-дің тіркеген сәтінен бастап көрсетіледі. Қызмет көрсету үшін Клиенттің қосымша келесі әрекеттердің бірін жасауы:

1) Шарт жасасқаннан кейін Kaspi белгіленген нысан бойынша жазбаша өтініш беру арқылы Клиенттің жеке өзінің хабарласуы, бұл ретте Клиент жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуге тиіс;

2) Байланыс операторы арқылы немесе Байланыс арналарының бірі арқылы Клиенттің өтінішін Kaspi-дің алуы;

3) Клиенттің Жеке кабинетте көрсетілген әрекеттерді жасауы қажеттігі көзделуі мүмкін.

7. Мына жағдайларда:

1) егер Шартта «ШМЖС» қызметін көрсету мүмкіндігі көзделмесе;

2) егер Kaspi-мен жасалған кез келген банктік қызмет көрсету шарты және/немесе банк қарызы шарты бойынша Kaspi-дің алдында берешек болса;

3) егер Клиенттің Шарттың аясында, сондай-ақ Kaspi мен Клиенттің арасында жасалған кез келген басқа шарттың аясында Kaspi-дің алдында орындалмаған міндеттемелері болса;

4) егер Клиент өзінде «ШМЖС» қызметін алу үшін техникалық және басқа да мүмкіндіктерінің бар екенін растамаса және/немесе ақпаратты, атап айтқанда, «ШМЖС» қызметін алу үшін Клиенттің мобиЛЬДІ/ҰЯЛЫ телефон нөмірін Kaspi-ге бермесе не болмаса Push-хабарламаларды жолдау үшін МобиЛЬДІ қосымша болмағанда;

5) Клиент қызмет көрсету барысында «ШМЖС» қызметін көрсету үшін екі және одан көп нөмір бергенде, Банк Клиентке «ШМЖС» қызметін көрсетуден бас тартуға құқылы.

8. Kaspi Клиенттен «ШМЖС» қызметі үшін ақыны, егер мұндай ақы көзделсө, Тарифтерге сәйкес ұсталады. «ШМЖС» қызметін көрсеткені үшін ақы Клиенттен Шартта белгіленген тәртіппен Клиенттің қосымша өкімінсіз ақы сомасын тікелей дебеттеу арқылы ұсталады.

9. «ШМЖС» қызметі Клиентке Kaspi мен Клиенттің арасында жасалған тағы бір немесе бірнеше шарттың аясындағы Шартпен бірге берілген жағдайда, «ШМЖС» қызметін көрсеткені үшін ақы тек Шарттың/банктік қызмет көрсету шартының аясында ғана ұсталады.

10.Клиент Kaspi-дің белгілеген нысанында жазбаша өтінішпен Kaspi-ге (жеке өзі) хабарласып, «ШМЖС» қызметін алушан бас тартуға құқылы, бұл ретте Клиент жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі тиіс.

11.Клиент «ШМЖС» қызметін алушан бас тартқан жағдайда, банктік қызмет көрсету шарттары бұзылмайды.

12.Мына жағдайларда:

а) «ШМЖС» қызметінің Ережелерде анықталған тәртіппен, соның ішінде «ШМЖС» қызметін алу үшін техникалық және басқа да мүмкіндіктердің болмауынан Клиент «ШМЖС» қызметін алушан бас тартқан кезде (Kaspi мұндай өтінішті қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап Kaspi «ШМЖС» қызметін көрсетпейді);

б) Клиент Шарттан бас тартқан кезде;

в) Клиентке шарттың аясында Қорытынды Шот-көшірме ұсынылған кезде «ШМЖС» қызметін көрсету тоқтатылады. Клиентке Қорытынды Шот-көшірме ұсынылған жағдайда осында ұсынған күні тоқтатылады.

13.Улгілік ережелердің немесе өзге шарттың аясында Картаны қайта шығарғанда және сәйкесінше осылай қайта шығару нәтижесінде Картаның деректемелері (нөмірлері) өзгерген жағдайда, қайта шығарылған Картаның нөмірін (деректемелерін) пайдаланып, «ШМЖС» қызметі аясында мәліметтер беру жалғаса береді.

14.«ШМЖС» қызметін алуға техникалық және/немесе басқа да мүмкіндіктерін жоғалтқан Клиент Kaspi-дің бөлімшелеріне/филиалдарына дереу хабарласуға міндетті.

15.Егер Клиент «ШМЖС» қызметін алу үшін өзінде бар техникалық және басқа да мүмкіндіктері туралы шынайы емес ақпаратты Kaspi-ге берген жағдайда, Клиенттің Телефон нөмірі туралы шынайы емес

ақпаратты берсе, Клиент осындай ақпаратты беруге байланысты барлық (соның ішінде қаржылық) қауіптерді көтереді.

16.Клиент Kaspi-дің ақпараттық жүйесіндегі Шартты жасасқан кезде немесе жасасқаннан кейін Клиент ұсынған сауалнамалық деректерді жеке басын қуәландыратын құжатты ұсына отырып, жазбаша өтінішпен Kaspi-ге хабарласу арқылы немесе ЭЦҚ-ны қолданып, Жеке кабинет немесе Мобильді қосымша арқылы өзгертуге құқылы.

ЭЦҚ-ны қолдану арқылы сауалнамалық деректерді өзгерту Клиенттің жазбаша өтінішпен Kaspi-ге жеке хабарласуына тең.

ЭЦҚ-ны қолданып, Жеке кабинет немесе Мобильді қосымша арқылы сауалнамалық деректер өзгерген кезде Kaspi Клиентті қосымша Аутентификациялауды/ Анықтауды талап етуге құқылы.

17.Клиенттің Телефон нөмірін Клиенттің пайдалану тәртібі Kaspi-дің қатысуынсыз Клиент пен Байланыс операторының арасындағы шарттық қарым-қатынастармен реттеледі.

18.Клиенттің «ШМЖС» қызметін алуы үшін техникалық және/немесе басқа да мүмкіндіктерін жоғалтуы Клиентті бұл туралы Kaspi хабардар болған және Клиент жоғарыда аталған мүмкіндіктерін жоғалтуынан «ШМЖС» қызметін алудан бас тартқан сәтке дейін Kaspi-ге «ШМЖС» қызметін көрсеткені үшін Ережелерде көзделген тәртіппен ақы төлеу міндетінен босатпайды.

2-тапау. Терминалдар

1. Терминалдар келесі Электрондық қызметтердің алынуын қамтamasыз етеді:

- 1) Банктік шот ашпай, Терминалдар арқылы төлемдер мен ақша аударымдарын жасау;
- 2) Терминалдарды пайдаланып, Kaspi ақша жіберушіден қолма-қол ақшаны қабылдаған кезде жасалатын төлемдік электрондық хабардың (бұдан әрі – төлемдік хабар) негізінде Шотты немесе Әмиянды толықтыру. Төлемдік хабар бенефициардың пайдасына төлем және/немесе ақша аударымын жасау туралы ақша жіберушінің Kaspi-ге нұсқауын білдіреді;
- 3) ақпараттық қызметті алу;
- 4) ДСН-кодты, қолжетімді қалдықтың мөлшерін, клиент туралы мәліметтерді және банктік қызмет көрсету шартына немесе клиент туралы мәліметтерге қатысты өзге ақпаратты өзгерту;
- 5) Шоттан қолма-қол ақша алу;
- 6) Ережелерге сай Терминалдар арқылы көрсетілуі мүмкін өзге Электрондық қызметтерді алу.

2. Қауіпсіздікті қамтamasыз ету мақсатында Терминал арқылы ұсыналатын әр электрондық төлем қызметі:

- 1) жеке сессияның шегінде бірегей ДСЖК-ні генерациялау және ДСЖК-ні міндетті түрде енгізу;
- 2) Клиентті Аутентификациялау барысында Телефон нөмірін және/немесе Клиенттің туған күнін немесе ЖСН немесе банктік қызмет көрсету шартының нөмірін немесе жеке цифрлық кодты (ЖЦК) немесе QRкодты және/немесе Клиентті биометрикалық сәйкестендіруді қосымша енгізууді пайдалану;
- 3) Клиентті Сәйкестендіру мақсатында Терминалға төлем карточкасын енгізу әрекеттерінің бірі немесе бірнешеі сақталған жағдайда, көрсетіледі.

3. Ақпаратты беру деректерді шифрлау әдісін пайдаланып, Байланыс арнасы арқылы жүзеге асырылады.

4. Аутентификация тәмендегі бір немесе бірнеше тәсіл арқылы жүргізіледі:

- 1) Клиентті Телефон нөмірі немесе ЖСН нөмірі және/немесе банктік қызмет көрсету шартының нөмірі бойынша және/немесе биометрикалық сәйкестендіруді үшін Клиенттің Kaspi-де бар биометрикалық деректері бойынша іздеу;
- 2) клиенттің туған күнін немесе ЖЦК-ні қосымша сәйкестендірушіні енгізу арқылы сәйкестіктерді алып тастау;
- 3) Клиенттің карточкасымен байланысты Kaspi-дің өнімдерін іздеу;
- 4) Терминал арқылы Kaspi-дің қызметін пайдалану мүмкіндігі туралы Клиентке хабарлау.

5. Банктік шот ашпай, Терминалдар арқылы қолма-қол ақша салу арқылы төлемдер мен ақша аударымдарын жасағанда, Терминал арқылы қолма-қол ақша алған кезде Клиентке чек қысқаша мәтіндік және (немесе) мультимедиялық хабарламалар жіберу арқылы электрондық түрде беріледі.

Қысқаша мәтіндік және (немесе) мультимедиялық хабарламалар:

- 1) басқа банктің төлем карточкасын ұстаушы көрсеткен телефон нөміріне ұялы байланыс желісі арқылы жіберілетін SMS/MMS-хабарлар;
- 2) Жеке кабинетке интернет желісі арқылы жіберілетін Push-хабарламалар.
6. Ақша жіберушіге Терминал беретін чек бастапқы құжат болып табылады және Терминал арқылы Kaspi-ге қолма-қол ақша салу арқылы төлем және/немесе ақша аударымын жасау немесе Терминал арқылы Шоттан қолма-қол ақша алу фактісінің растамасы болады.
7. Терминалдар арқылы қолма-қол ақшаны қабылдағаннан кейін жәнечек берілгеннен кейін Kaspi-дің ақша жіберушінің алдында бенефициардың пайдасына төлем және/немесе ақша аударымын жасау міндеттемесі не болмаса АТТК-ны және/немесе Электрондық ақшаны шығару және оларға қызмет көрсету міндеттемелері туындаиды.
8. Kaspi-дің АБАЖ-ында Клиенттің Аутентификациядан және Сәйкестендіруден сәтті өтуі Клиенттің Электрондық қызметтерді алуға құқықтарының растамасы болып табылады.

9. Клиент қызметтерді алу үшін Терминалда Аутентификация процесінің барлық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді. Операцияның түріне байланысты Kaspi Клиенттің жеке басын анықтаудың және оның Электрондық банктік қызметтерді немесе олардың жиынтығын алуға құқықтарын растаудың әртүрлі ресімдерін пайдалануға және/немесе Терминалда оларды жүргізуге қойылатын өзге талаптарды көздеуге құқылы.

10. Клиентке Электрондық қызмет көрсету барысында Терминал экранында көрсетілген нұсқамаларды Клиент орындауға міндетті.

3-тапау. Kaspi.kz

1. Kaspi.kz-те банктік қызметтер Мобильді қосымша арқылы көрсетіледі және оларға мыналар кіреді:
 - 1) Kaspi.kz-те белгіленген шектеулерді ескере отырып, Клиенттің Kaspi-де ашылған Шоттарының арасында ақша аудару туралы Клиенттің өкімдерін орындау, соның ішінде кредитті өтеу мақсатында Шоттарды толықтыру, Шоттардың арасындағы ақша аударымдары;
 - 2) Карта, Клиенттің VISA, MasterCard ХТЖ-ның, Клиентпен жасалған шартқа сай басқа ХТЖ-ның өзге төлем карточкалары, ATTK және Электрондық ақша арқылы Клиенттің төлемдер мен аударымдар жөніндегі өкімдерін орындау;
 - 3) Kaspi-мен жасалған шарттар жөнінде ақпарат беру, соның ішінде кредит шарттарының жай-күйін қарау мүмкіндігін, кредит шарты бойынша кезең үшін үзінді көшірмелер, кредиттер бойынша өтеу кестесін (ақша, тауар), депозиттік шарттар бойынша кезең үшін үзінді көшірмелер, Операциялар жүргізілген Карталар бойынша үзінді көшірмелер беру, қашықтан байланысу арналарымен (соның ішінде қайта шығарған кезде) төлем карталарының деректемелері туралы ақпаратты электрондық түрде беру;
 - 4) қызметтердің ақысын (мобильді байланыс, коммуналдық төлемдер, теледидар және т.б.) төлем карточкаларынан, сондай-ақ Электрондық ақша арқылы төлеу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
 - 5) Клиенттің ATTK және банктік шоттарынан, соның ішінде Клиенттің төлем карточкаларын пайдаланып, сондай-ақ Электрондық ақша арқылы жеткізушилерге қызметтер/жұмыстар/тауарлар (мобильді байланыс, коммуналдық төлемдер, теледидар және т.б.) үшін ақша аудару;
 - 6) Автотөлемақыны (және Kaspi-дің көрсететін басқа да қызметтерін) қосу және шарттарын өзгерту;
 - 7) Kaspi-мен жасалған банк қарызы шарты бойынша төлемдерді басқару мүмкіндігін қамтамасыз ету;
 - 8) Кредит карточкасына берілетін қарыз бойынша кредиттеу талаптарын өзгерту (кредит төлемін басқару);
 - 9) ШМЖС (Шотқа мониторинг жүргізу сервисі) қызметін көрсету;
 - 10) ATTK-ні және/немесе Электрондық ақшаны сатып алу;
 - 11) Мерзімді төлемдер сервисі. Мерзімді төлемдер сервисі – Kaspi.kz-те мерзімді төлемдерді жасауды автоматтандыруға арналған сервис. Операциялар Мерзімді төлемдер сервисінде белгіленген шаблондардың негізінде жасалады. Клиент VISA, MasterCard ХТЖ-ның, клиентпен жасалған шартқа сай басқа халықаралық төлем жүйелерінің Картасы арқылы бірінші Операцияны жүргізген күннен бастап және Kaspi.kz-те белгіленген әрекеттерді жасаған жағдайда Мерзімді төлемдер сервисін пайдаланады.
 - 12) қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескеріп, ондағы тәртіппен Шоттарды ашу;
 - 13) Электрондық ақшаны шығару және өтеу;
 - 14) ATTK-ны қоспағанда, Карточкаларды бұғаттау/ бұғаттан шығару;
 - 15) мультивалюталық қызмет көрсету;
 - 16) интернет желісінде сатып алу үшін Карталарды іске қосу;
 - 17) интернет-ресурста төлемдер жасаған кезде шығыс Операцияларын жасау бойынша лимиттерді белгілеу;
 - 18) Кредитті Онлайн алу;
 - 19) Картаны пайдаланып, Клиенттің ағымдағы банктік шоттары бойынша Операцияларды жүргізу үшін қолжетімділік беру. Клиенттің банктік шот бойынша төлем жасауы.
 - 20) Кредитті өтеу;
 - 21) Kaspi.kz-те айқындалған көлемде және тәртіппен Клиенттің сауланамалық деректерін өзгерту;
 - 22) Электрондық ақшамен төлемдер жасау;
 - 23) Электрондық ақшаны өтеу;
 - 24) Электрондық төлемдік және ақпараттық банктік қызметтерге жататын өзге қызметтер.
2. Kaspi.kz-те төлемдер мен аударымдар бойынша Клиенттің нұсқауларын Kaspi нұсқауды алған күннен кейінгі Операциялық күннен кешіктірмей орындалды, оған заңнамада және/немесе шарттарда белгіленген (нұсқау өзге мерзімдерде орындалуы тиіс болатын) жағдайлар қосылмайды. Kaspi нұсқау түсken Операциялық күннен кешіктірмей оны орындаудан бас тартады.
3. Kaspi.kz-те қызметтерді алу үшін Клиент мынадай барлық талаптардың сақталуын:
 - 1) Клиенттің Kaspi.kz-те қызметтерді алу үшін техникалық құралының болуын;
 - 2) Клиенттің Kaspi-ге Шарт бойынша қызметтерді көрсету үшін қажетті ақпаратты беруін;
 - 3) Клиенттің Tirkay/ Аутентификациялау/Анықтау бойынша әрекеттерді және қызметтер көрсету үшін Шартта және Ережелерде көзделген қажетті өзге әрекеттерді жасауын;

4) МобиЛЬді қосымшаны пайдалану үшін МобиЛЬді қосымшаны пайдалануға мүмкіндік беретін операциялық жүйесі мен интернетке қолжетімділігі бар мобиЛЬді телефонының немесе өзге құралының болуын қамтамасыз етеді.

4. Kaspi.kz-тегі қызметтерге қолжетімділік келесі тәсілдермен:

1) Клиент Анықтау ресімінен өткенде (электрондық банктік қызметтерді алу мақсатында ДСЖК-ні алғанда);

2) Клиент Тіркеу және Пароль құру ресімінен өткенде беріледі.

5. Kaspi Kaspi.kz қызметтерін Жеке кабинет арқылы көрсетеді. Шартты (Ережелер оның ажырамас бөлігі болып табылады) жасасқан Клиенттерге жасасқан күні Жеке кабинет ашылады.

6. Kaspi.kz-те Тіркелу немесе Анықтау, сондай-ақ Шартта, соның ішінде Ережелерде көзделген тәртіппен және жағдайларда нақты Қызметті көрсетуге нұсқау мен келісімді Kaspi-ге беру Клиентке Kaspi.kz арқылы қызметтер көрсетуге негіз болып табылады.

7. Kaspi.kz-те Клиент Пароль бойынша не болмаса Клиенттің Банктен Телефон нөміріне алған ДСЖК-ні енгізу арқылы Аутентификацияланады.

8. Тіркелу ресімінен өткен Клиенттер, егер Kaspi.kz-тің сұратуы бойынша бір немесе бірнеше параметрлерді (Kaspi.kz анықтайды), атап айтқанда а) Пароль; б) төлем карточкасының нөмірін; в) кредит шартының нөмірін; г) банктік қызмет көрсету шартының нөмірін (банктік шот, банктік салым, сервис-пакет және өзге шарттар); д) Клиенттің Телефон нөмірін; е) Kaspi айқындаған өзге сәйкестендіргішті енгізген жағдайда, қолданыстағы кредиттер/депозиттер/транзакциялар/Шоттар бойынша қосымша ақпаратты және қосымша ақпараттық банктік қызметтерді алуға құбылды.

9. Клиент Kaspi.kz-те тіркелген кезде бір мезгілде Kaspi.kz ішкі пошталық жүйесінде де тіркеледі. Клиентті Kaspi.kz пошталық жүйесінде тіркеген кезде Клиентке электрондық поштаның мекенжайы беріледі, мекенжай «@» символымен бөлінген екі бөліктен тұрады, оған қолжетімділік Жеке кабинет арқылы жүзеге асырылады. Мекенжайдың сол жақ бөлігі Клиент тіркелген телефон нөмірін тұрады да, мекенжайдың он жақ бөлігі «kaspi.kz» домендік атауы болады. Электрондық поштаның бұл мекенжайы тек Kaspi.kz жүйесінің оған хабарламалар жіберу үшін пайдаланылуы мүмкін және ол Клиенттің басқа пошта жүйелерінде пайдалануына арналмаған, атап айтқанда, Клиент бұл мекенжайға электрондық хабарламалар жібере алмайды немесе басқа жүйелердің хабарламаларын осы мекенжайда қабылдай алмайды.

10. Kaspi.kz пошталық жүйесі арқылы Клиентке жолданған хабарлар – Клиенттің жүргізілген Нұсқаулары туралы ақпарат, Клиентке арналған Kaspi-дің арнайы ұсыныстары, Шарттың талаптарына сай жолданатын хабарламалар мен өзге ақпарат.

11. Kaspi.kz-тегі Клиенттің Логині – Клиенттің Телефон нөмірі.

12. Kaspi.kz-те Анықтау мына талаптардың бірі немесе бірнешеуі болған жағдайда:

1) төлемдер мен аударымдар бойынша тапсырманы орындау үшін үшінші тұлғалардан Kaspi алған мобиЛЬді телефон нөмірі Kaspi-де болған кезде;

2) Клиент Телефон нөмірін Kaspi.kz-те, соның ішінде жүйенің сұратуы бойынша, сондай-ақ МобиЛЬді қосымша арқылы көрсеткенде, жүзеге асырылады.

13. Парольді қалпына келтіру ресімі Kaspi.kz-те айқындалатын әрекеттерге сай жүзеге асырылады (әрекеттердің реттілігін Kaspi-дің қалауы бойынша айқындауды және Kaspi.kz-те Клиенттің назарына жеткізіледі).

14. Kaspi.kz-те тіркеліп, Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғану әрекеттерінің элементтерін қолданып, Kaspi-ге Шартты орындау, соның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары болған кезде, клиенттің төлемдік және өзге де нұсқауларын орындау мақсаттары үшін, Тіркеу, хабарламаларды алу, Kaspi-дің және немесе оның Серіктестерінің өзге де қызмет көрсетуі, шарттар бойынша құқықтар мен міндеттерді іске асыру үшін өзінің дербес, соның ішінде биометрикалық деректерін жинауға және өндеуге, дербес деректерін беруге, соның ішінде трансшекаралық беруге, бұлтты және деректерді өндеудің басқа технологияларын қолдануға, даулы жағдайларды шешуге, Тіркелген кезде алынған Клиенттің бейнесін (фотосуретін) Kaspi-дің пайдалануына өз келісімін береді, сондай-ақ Kaspi-дің мәмілелер, төлем нұсқауларын және басқа нұсқауларды жасау үшін және орындау үшін қажетті ақпаратты сұратуына және мемлекеттік деректер базасынан алуына келісімін береді.

15. МобиЛЬді қосымшада ұсынылатын қызметтер МобиЛЬді қосымшаның техникалық мүмкіндіктеріне сай айқындалған.

16. Клиент МобиЛЬді қосымшаны пайдаланған кезде Клиентке қызметтер көрсету барысында МобиЛЬді қосымшада көрсетілген нұсқамаларды орындауға міндетті.

17. МобиЛЬді қосымша арқылы қызметтердің көрсетілу үшін Клиенттің App Store, App Gallery, Google Play-да МобиЛЬді қосымшаны жүктеуі, МобиЛЬді қосымшаны орнатуы қажет.

18. МобиЛЬді қосымшаны пайдаланып көрсетілетін Электрондық банктік қызметтер Android/IOS операциялық жүйесі бар құрылғыларды (телефондарды) пайдаланатын және МобиЛЬді қосымшаны орнатқан Клиенттерге көрсетіледі.

19. Клиент Мобильді қосымшаны өзі орнатады. Егер Мобильді қосымша Клиенттің мобильді телефонымен/құрылғысынмен сәйкеспейтін болса, Kaspi Клиентке қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайда жауапкершілік атқармайды.

20. Мобильді қосымшаны пайдалана отырып, Клиент <https://kaspi.kz/Terms> мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналастырылған Мобильдік қосымшаның құпиялылық және дербес деректерді өңдеу саясатымен танысқаның және оның шарттарымен келісетінін растанды.

21. Мобильді қосымшаның жұмысын Мобильді қосымшада қамтылған нұсқаулықтарға сай аяқтау қажет.

22. Мобильді қосымшада Астана қаласының уақытымен сағат 23.00-ден 23.59-ға дейінгі кезеңде қарыз ресімдеген кезде, келесі күнтізбелік күн Клиенттің несие алуға өтініші түскен және банк қарызы шарты жасалған күн болып саналады. Мобильді қосымшада 31 желтоқсанда Астана қаласының уақытымен сағат 23.00-ден 23.59-ға дейінгі кезеңде қарыз ресімдеген кезде, келесі Операциялық күн Клиенттің несие алуға өтініші түскен және банк қарызы шарты жасалған күн болып саналады.

23. Kaspi.kz-ті пайдалануға қойылатын шектеулер:

Мына жағдайларда:

1) қызметті өшіру туралы Клиенттің өтініші болғанда (Kaspi.kz-те қызмет көрсету Клиенттің өшіру туралы жазбаша өтінішін алғаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні өткен соң тоқтатылады);

2) Kaspi.kz-те техникалық жұмыстар жүргізілгенде;

3) оларға сәйкес қызметтерді көрсету тоқтатылатын немесе тоқтатыла тұратын Клиентпен жасалған шарттардың талаптары өзгергенде;

4) Клиентке қызметтер көрсетуді тоқтатқанға дейін күнтізбелік 1 күн бұрын онымен жасалған Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартатыны туралы хабарлағанда,

5) Ережелерде көзделген өзге жағдайларда Kaspi.kz-те қызметтерді көрсету тоқтатыла тұрады немесе тоқтатылады.

24. Kaspi.kz-тегі пайдалануышылық контент

24.1. Анықтамалар:

1) Профильдегі бейне – бұл Клиентті Kaspi.kz-те графикалық түрде көпшілікке көрсетуге арналған бейне немесе сурет;

2) Контент – бұл сатып алған тауарлар/қызметтер, Kaspi.kz-тегі клиенттік тәжірибе туралы Клиенттің пікірлері, Клиент Чатқа, сондай-ақ Kaspi.kz-те Операция жүргізген кезде жіберетін хабарламалар.

3) Лайықсыз контент – бұл Kaspi.kz-тің және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзатын Профильдегі бейне, Контент.

24.2. Kaspi.kz-те орналастырылатын Контентке, Профильдегі бейнеге қойылатын талаптар:

Мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға әкелетін немесе оны бұзатын;

2) тұлғалардың жазбаша келісімі болмағанда үшінші тұлғалар туралы дербес деректерді және өзге де құпия ақпаратты жария ететін;

3) үшінші тұлғалардың бейнелері бар;

4) қауіп-қатерді қамтитын, зорлық-зомбылықты, қатыгездікті насихаттайтын;

5) тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдай бойынша кез келген түрде қорлау немесе кемсітушілік бар;

6) порнографиялық, эротикалық сипаттағы, соның ішінде жалаңаш немесе жартылай жалаңаш денені, эротикалық тауарларды және т. б.;

7) үшінші тұлғалардың сөздерін алған пікір, жарияланымдардың, промо-материалдардың, жарнаманың, баға саясатының негізінде жасалған жұмыс/қызмет көрсету туралы қорытындылар сияқты жеке клиенттік тәжірибеге негізделмеген;

8) мағынасыз хабарламаларды (флуд), қайталанатын сөздерді, спамды, нормативтік емес лексиканы (былапты, тұрпайы, бейәдеп сөздер, сөз орамдары мен тіркестер) қамтитын Контентті, Профильдегі бейнені және (немесе) өзге ақпаратты орналастыруға тыйым салынады.

24.3. Лайықсыз контент анықталған кезде Kaspi Пайдалануышыға хабарламай оны жасыруға, жоюға, сондай-ақ Пайдалануышының Контентті, Профильдегі бейнесін орналастыру мүмкіндігін бұғаттауға құқылы.

24.4. Клиенттің Профильдегі бейнені орналастыру оны Kaspi.kz-те қызмет көрсететін үшінші тұлғалардың сервистерінде пайдалануға берген келісімі болып табылады.

25. Чат

25.1. Чат – Мобильді қосымшада электрондық хабарламалармен (соның ішінде дыбыстық хабарламалармен) алмасу арқылы көрсетілетін ақпараттық банктік қызмет.

25.2. Чат қызметі Клиент Kaspi.kz-те Сәйкестендіруден және Аутентификациядан өткеннен кейін көрсетіледі.

25.3. Чаттағы ақпаратты сақтау мерзімін Kaspi өз қалауы бойынша айқындаиды.

4-тaraу. Әмиян

1. Шарт бойынша қызметтерді алу үшін Клиент мына талаптардың барлығының сақталуын қамтамасыз етеді:

1) Клиенттің Kaspi.kz-тің қызметтерін алуға және Әмиянға қолжетімділігін қамтамасыз етуге техникалық құралы бар;

- 2) Шарт бойынша қызметтерді көрсету үшін Клиент Kaspi-ге ақпаратты берді және қажетті іс-әрекеттерді жасады;
- 3) Клиент Анықтау/Tirkay/Aутентификация бойынша қызметтерді көрсетуге және Жеке кабинетке қолжетімділікті алуға қажетті әрекеттерді жасады.
2. Әмиянға банктік қызмет көрсетуге мыналар кіреді:
- 1) Шоттар бойынша жүргізілген Операциялар туралы ақпаратты алу;
 - 2) ағымдағы баланс және Клиентке қолжетімді ақшаның жалпы сомасы, Қолжетімді қалдық туралы ақпарат (Шот бойынша Үзінді кешірмелер) алу;
 - 3) Электрондық төлем қызметтерін орындау;
 - 4) Ақпараттық банктік қызметтерді орындау;
 - 5) ATTК, Электрондық ақша сатып алу, ATTК балансын/Қолжетімді қалдықты есепке алу және ATTК-ге және төлем карточкасына байланысты Операциялар жөніндегі ақпаратты есепке алу;
 - 6) Kaspi-дің, соның ішінде адалдық бағдарламасының аясында ұсынатын өзге төлемдік емес қызметтері жөнінде ақпарат алу.
3. **Әмиянды:**
- 1) Kaspi-де ағымдағы және/немесе жинақ шоты бар/болған (Клиенттер),
 - 2) Клиенттер олардың пайдасына банктік операциялар жүргізген және Kaspi-де олар бойынша байланыс ақпараты бар,
 - 3) Ережелерге және Шартқа сәйкес Kaspi.kz-те Анықтаудан және/немесе Tirkayden өткен **жеке тұлғалар пайдаланады**.
4. Әмиян Клиенттің банктік шоты емес. Әмиян Клиентке интернет желісі арқылы жеткізушілердің (ССК) қызметтерінің ақысын төлеу мақсатында, сондай-ақ Ережелерде көзделген электрондық банктік қызметтерді көрсету үшін ашылады.
5. Әмияннан жеткізушілердің (ССК) қызметтерінің ақысын төлеу Сайтта орналастырылған «Kaspi Bank» АҚ алдын ала төленген төлем карточкасын шығару, тарату және оған қызмет көрсету ережелеріне сәйкес жүргізуі мүмкін.
6. Әмиян келесі тәсілдермен:
- 1) Клиенттің Kaspi-де ашылған жинақ және/немесе ағымдағы шоттарынан Kaspi.kz-те ақша аудару арқылы қолма-қол ақшасыз төлеммен;
 - 2) 3-ші тұлғалардың тапсырмасымен ақшаны есепке жазу арқылы қолма-қол ақшасыз төлеммен;
 - 3) басқа екінші деңгейдегі банктер шығарған «Visa», «MasterCard» халықаралық төлем жүйесінің карточкаларынан Kaspi.kz-те ақша аудару арқылы қолма-қол ақшасыз төлеммен ATTК және/немесе Электрондық ақша сатып алу арқылы толықтырылады.
7. Клиентте бірнеше ATTК бар болып, ол Операцияларды жүргізген жағдайда, Kaspi ATTК-мен көрсетілетін банктік төлем қызметтерін шығарылу кезектілігі тәртібімен көрсетеді (бірінші кезекте неғұрлым бұрын шығарылған күні бар ATTК пайдаланылады).
8. Әмиянға қызметтер көрсетілген кезде ATTК-ны және/немесе Электрондық ақшаны қате сатып алған жағдайда, Клиент Kaspi-ге ақшаны Клиенттің Kaspi-де ашылған ағымдағы шотына аудару туралы өтініш білдіреді не болмаса Kaspi.kz-тегі ақшага билік ету әрекеттерін жасайды.
9. Клиентке ATTК және/немесе Электрондық ақша арқылы қолжетімді ақша Kaspi-дің кассасында қолма-қол ақша түрінде алынбайды.
10. Клиент Kaspi.kz-те Анықтаудан/Tirkayden өткеннен кейін Әмиянға қолжетімділік алады.
11. Әмиян арқылы көрсетілетін банктік қызметтер Kaspi-мен банктік қызмет көрсету шарттарын, банк салымы шарттарын, банк қарызы шарттарын, төлем картасын шығару шарттарын және т.с.с. жасасқан және/немесе Kaspi.kz-те Анықтаудан/Tirkayden өткен жеке тұлғаларға көрсетіледі.

5-таптау. Мемлекеттік қызметтерге қолжетімділік беру талаптары

1. Kaspi МобиЛЬДІ қосымша арқылы мемлекеттік қызметтерге қолжетімділік береді. МобиЛЬДІ қосымшада қолжетімді қызметтердің тізбесі айқындалады.
2. Мемлекеттік қызметтерді тиісті уәкілетті органдар заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетеді. Kaspi Клиентке МобиЛЬДІ қосымша арқылы, соның ішінде электрондық үкімет шлюзі, рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік қызметтерге, COVID-19 ауруының және/немесе өзге де түрлерінің бар-жоғына жүргізілген тестілеудің нәтижелерін жинауды және өндеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ҚР ДСМ АЖ (Ashyq) арқылы Клиенттің тәуекел рейтингі (бұдан әрі - Мәртебе) туралы ақпарат алуға қолжетімділік беру үшін ақпараттық және техникалық өзара әрекет етеді және олардың көрсетілуі және уәкілетті органдардың әрекеті үшін жауапкершілік атқармайды.
3. Мемлекеттік қызмет алған кезде Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алуға тиіс. Kaspi-дің беретін кеңесі уәкілетті органдардың кеңесі немесе нормативтік құқықтық актілердің реисми түсіндірмесі емес және анықтамалық сипатқа ие. Нақты субъектілерге қатысты немесе нақты жағдайға қарай нормативтік құқықтық актілердің түсіндіру қажет болған кезде пайдаланушы тиісті уәкілеттік

органдарға хабарласа алады. Бұл ретте заңнамаға сай мұндай түсіндірмелердің міндетті заңды күші жоқ және ұсыныс ретінде жүреді.

6-тапау. «Көлік құралының сәйкестендіру нәмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, есепке алу және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралдарын тіркеу туралы қуәлік және мемлекеттік тіркеу нәмірі белгілерін беру» мемлекеттік қызметтіңе (бұдан әрі – КҚ-ны қайта ресімдеу қызметті) электрондық түрде қолжетімділік берілген кезде

Электрондық қызмет көрсету ерекшеліктері

1. КҚ-ны қайта ресімдеу қызметі сатушының сатып алушыға көлік құралын (бұдан әрі – КҚ) иеліктен шығаруына байланысты аталған тұлғалардың өтінімдерінің негізінде сатушының КҚ-ны мемлекеттік есептен шығаруын, онымен бір мезгілде сатып алушының КҚ-ны мемлекеттік есепке қоюын білдіреді және оны ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – Қызмет беруші) заңнамада көзделген тәртіппен көрсетеді. Қызмет берушінің әрекеттері үшін, соның ішінде КҚ-ны қайта ресімдеу қызметтің көрсетуден бас тартқаны, сондай-ақ кез келген себеп бойынша КҚ-ны қайта ресімдеу қызметтің қолжетімсіздігі үшін Kaspi жауапкершілік атқармайды.

2. Kaspi МобиЛЬДІ қосымша арқылы КҚ-ны сатушы мен сатып алушының тиісті өтінімдерді беруіне және Қызмет беруші көрсететін КҚ-ны қайта ресімдеу қызметтің электрондық түрде алуға мүмкіндік береді, сондай-ақ КҚ-ны қайта ресімдеу қызметтің ақысын төлеуге, соған қатысты КҚ-ны қайта ресімдеу қызметті көрсетілетін көлік құралын сатушы мен сатып алушының арасында есеп айырысуды қамтамасыз етуге байланысты Электрондық банктік қызмет көрсетеді.

3. Есеп айырысуды қамтамасыз ету үшін сатушы мен сатып алушы Kaspi Gold төлем картасының ұстаушысы болуы керек. Сатып алушы мен сатушының арасындағы есеп айырысу келесі тәртіппен қамтамасыз етіледі:

- 1) сатушы МобиЛЬДІ қосымшадағы нұсқаулыққа сай КҚ-ны есептен шығаруға өтінім береді, сатып алушының деректерін, КҚ-ны және оның құнын (бұдан әрі – Мәміле сомасы) көрсетеді;
- 2) КҚ-ны өзінің атына ресімдеу мүмкіндігі туралы хабар алған сатып алушы онда көрсетілген мерзімнен кешіктірмей МобиЛЬДІ қосымшада Kaspi Gold төлем картасы арқылы сатушыға Мәміле сомасы мәлшерінде ақша аударуға нұсқау (бұдан әрі – Нұсқау) береді.

Сатып алушы нұсқау беру арқылы:

- Қызмет беруші сатып алушының атына КҚ-ны мемлекеттік тіркеген күннен кейінгі күннен кешіктірмей Kaspi-ге Мәміле сомасын сатушының банктік шотына (оған қолжетімділік сатушының Kaspi Gold төлем картасы арқылы жүзеге асырылады) аударуға үекілеттік береді;
- Нұсқау берілген күннен бастап Мәміле сомасы мәлшеріндегі ақшаның сатып алушының шотынан есептен шығарылатынымен және Kaspi-дегі тиісті есепке алу шотында сыйақы есептеусіз сақталатынымен келіседі;
- 3) Kaspi Қызмет берушінің сатып алушының атына КҚ-ны мемлекеттік тіркегені туралы хабарламаны алған күннен кейінгі күннен кешіктірмей Мәміле сомасын сатушыға аударады.

4. Сатып алушы немесе сатушы МобиЛЬДІ қосымшада мәміледен бас тарту әрекеттерін жасағанда немесе сатып алушы белгіленген мерзім өткенге дейін (3-тармақтың 2-тармақшасы) Нұсқау бермеген жағдайда, берілген өтінімдердің күші жойылып, Қызмет берушіге берілмейді, КҚ-ны қайта тіркеу қызметті көрсетілмейді. Сатып алушы КҚ-ны мемлекеттік тіркеу үшін алым мен мемлекеттік бажды төлегенге дейін, сатушы мен сатып алушы КҚ-ны есептен шығару/ КҚ-ны есепке қою туралы өтінімдерін көрі қайтарып алуға құқылы.

5. Мына жағдайларда:

- 1) сатып алушы өзі Мәміле сомасын салған күннен кейінгі екі жұмыс күні (сенбі жұмыс күні болып саналады) ішінде МобиЛЬДІ қосымшада КҚ-ны есепке қою үшін әрекеттерді орындағанда;
- 2) сатушы немесе сатып алушы МобиЛЬДІ қосымшада мәмілені ресімдеуден бас тартқанда (өтінімді көрі қайтарып алғанда);
- 3) Қызмет беруші КҚ-ны қайта ресімдеу қызметтінен бас тартқан жағдайда, Kaspi мерзім аяқталған/жағдай орын алған күннен кейінгі күннен кешіктірмей сатып алушыға Kaspi-дің тиісті есепке алу шотында сақталатын Мәміле сомасын қайтарады.

7-тапау. Қосымша картаны шығару

1. Тиісті шарт бойынша Kaspi Gold картасын ұстаушы болып табылатын Клиент МобиЛЬДІ қосымшада Қосымша картаны шығаруға өтінімді ресімдеуге (МобиЛЬДІ қосымшада техникалық мүмкіндік және тиісті функция болған кезде) құқылы. Қосымша картаны ұстаушыға бір Қосымша картадан артық карат шығарылмайды. Қосымша карта Ұстаушының атына шығарылған жабылмаған Қосымша карта болған кезде дәл сол Қосымша картаны ұстаушыға, соның ішінде басқа Клиенттің жаңа Қосымша карта шығаруына жол берілмейді.

2. Қосымша картаны шығару үшін Клиент Kaspi сұратқан Қосымша картаны ұстаушының деректерін, соның ішінде Қосымша картаны ұстаушы қол жеткізе алатын телефонның нәмірін (Клиенттің ағымдағы

телефон нөмірімен сәйкес келмеуге тиіс) көрсетеді, Қосымша картаны ұстаушының телефон нөмірін растап, Мобильді қосымшадағы өзге нұсқауларды орындайды.

3. Клиент Қосымша картаны ұстаушының телефон нөмірін (соның ішінде қажет болған жағдайда – бұрын расталған телефон нөмірін өзгерту) Kaspi-дің Қосымша картаны ұстаушының телефон нөміріне жіберген кодын Мобильді қосымшада енгізу арқылы растайды.

4. Қосымша картаны ұстаушының телефон нөмірін растай отырып, Клиент Қосымша картаны шығарғаннан кейін Kaspi.kz-те жеке тіркеу мүмкіндігі берілетінімен және Клиент растаған Қосымша картаны ұстаушының телефон нөмірі бойынша сервистер мен қызметтерге қолжетімділігі шектеулі Жеке кабинеттің ашылатынымен келіседі.

5. Жеке кабинетте Қосымша карта шығару үшін ашылған Шотқа, соның ішінде Қосымша карта арқылы Операциялар жүргізуге (Қосымша картаны шығару талаптарын қамтитын Шартқа сай айқындалатын шектеулер, соның ішінде Клиент белгілеген шектеулер ескеріліп), Шот бойынша, соның ішінде жүргізілген Операциялар туралы ақпаратқа, Қосымша картаны пайдалану арқылы бонус жинақтауға және жинақталған бонусты жұмсауға қолжетімділік беріледі.

6. Kaspi.kz қызметтері мен сервистеріне қолжетімділік олардың Жеке кабинетте болуымен анықталады, оған Қосымша картаны ұстаушының телефон нөмірі бойынша кіруге болады. Kaspi Қосымша карта ұстаушыға және/немесе Клиентке Мобильді қосымша арқылы қолжетімді қызметтерді, сервистер мен функцияларды өз бетінше өзгертуге құқылы.

7. Ережелерде белгіленген Аутентификациялау, Сәйкестендіру тәртібі Қосымша картаны ұстаушының телефон нөмірі бойынша Жеке кабинетке қолжетімділікті алған/берген кезде және/немесе Жеке кабинетте Операциялар жүргізген кезде Қосымша картаны ұстаушыға қатысты қолданылады.

8-тaraу. Мобильді қосымша арқылы ҚР ДСМ АЖ-дан (Ashyq) Мәртебе алу тәртіби

1. ҚР ДСМ АЖ-дан (Ashyq) алынған Клиенттің Мәртебесі туралы ақпарат Клиент кіргісі келетін мекемеге орнатылған QR-кодты Клиенттің сканерлеуі арқылы кіруді тіркеген кезде (бұдан әрі – Кіруді тіркеу) немесе Мобильді қосымшаның тиісті бөлімінде Мәртебе беру функциясын қолдану арқылы беріледі.

2. Мәртебе ҚР ДСМ АЖ-дан (Ashyq) түрлі түсті форматта беріледі: жасыл мәртебе келушіде аурудың бар-жоғына жүргізілген тестінің теріс екенін білдіреді; көк мәртебе - аурудың бар-жоғына жүргізілген тестінің нәтижелері жоқ екенін білдіреді, Клиент ауырғандармен байланыста болғандардың қатарында жоқ деп саналады; сары мәртебе - Клиенттің деректер базасында ауырғандармен байланыста болғандардың қатарында тіркелгенін білдіреді; қызыл мәртебе – Клиенттің тестілеу нәтижелері бойынша аурудың он нәтижесімен деректер базасында тіркелгенін білдіреді.

3. Клиент Кіруді тіркей отырып, Клиентке «қызыл» немесе «сары» мәртебе берілген жағдайда, Кіруді тіркеген мекеменің тиісті мемлекеттік органға өзінің келгені туралы хабарлауға өзінің келісімін береді.

4. ҚР ДСМ АЖ-дан (Ashyq) Мобильді қосымша арқылы алынған Мәртебе туралы ақпарат Мобильді қосымшаның экранына шығарылады және Kaspi-де сақталмайды.

5. Мобильді қосымшада Кіруді тіркеу үшін қажетті әрекеттерді орындаі отырып, Клиент Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің 273-бабына сәйкес медицина жұмыскерінің құпиясын құрайтын мәліметтерді жинауға, өңдеуге, қол жеткізуға және беруге келісімін береді.

9-тaraу. «Цифрлық құжаттар» сервисін қолдана отырып, электрондық құжаттарды пайдалану

1. Цифрлық құжат – мемлекеттік, банктік қызметтерді және өзге де қызметтерді электрондық нысанда алу үшін қажетті, сондай-ақ жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде цифрлық құжаттар сервисімен қалыптастырылатын электрондық құжат.

2. «Цифрлық құжаттар» сервисіне қолжетімділік Клиентке ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын пайдаланып, Мобильді қосымша арқылы электрондық пішімдегі құжаттарды көру және пайдалану мүмкіндігін ұснынды.

3. Құжаттар Мобильді қосымшада клиенттің сұратуының негізінде және кейіннен Kaspi-дің мемлекеттік органдар мен үйімдардың ақпараттық жүйелерінен интеграциялау арқылы мәліметтер алуы негізінде жасақталады.

4. «Цифрлық құжаттар» сервисі Мобильді азаматтар базасында (МАБ) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының нөмірі тіркелген кезде Мобильді қосымшада авторизациядан өткен Клиенттер үшін қолжетімді. МАБ-та ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының нөмірі болмаған жағдайда, Клиентке Мобильді қосымшаны пайдалана отырып, МАБ-та өзінің ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының нөмірін тіркеу мүмкіндігі беріледі.

5. Клиентке қолжетімді цифрлық құжаттардың тізбесі Мобильді қосымшада көрсетіледі.

6. Клиенттің цифрлық құжатқа жедел қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін оның көшірмесі Мобильді қосымшадағы Жеке кабинетте сақталады. Құжат өзгерген жағдайда, Клиент «Цифрлық құжаттар» сервисіне кіру үшін жаңа сұрату жіберуі керек.

7. Үшінші тұлғаларға «Цифрлық құжаттар» сервисінде қалыптастырылған цифрлық құжаттарға

қолжетімділік Клиенттің келісімімен беріледі.

8. Клиент Цифрлық құжаттарды Цифрлық құжаттарды қабылдайтын үшінші тұлғалардың, Kaspi-дің Клиент туралы деректерді сәйкестендіруі және/немесе жаңартуы (өзектендіруі) мақсатында, соның ішінде қызмет көрсеткенде, соның ішінде Kaspi.kz мобильді қосымшасын пайдалана отырып қызмет көрсеткен кезде, ҚЖ/ТҚҚ бойынша ішкі бақылау шараларын қолдану мақсатында пайдалануы мүмкін.

10-тапарay. QR-код

1. QR-код – Серіктесті және/немесе Клиентті сәйкестендіруге, сондай-ақ МобиЛЬді қосымша арқылы Операцияға нұсқау беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін штрихты кодталған кодтарды пайдаланып, төлем жасауды және Операцияларды жүргізуі қамтамасыз ету технологиясы.
2. Тараптар Клиентті (сатып алушы) және/немесе Серіктесті (сатушыны) сәйкестендіру және Операцияны жүргізуі, соның ішінде Тауардың ақысын төлеуді қамтамасыз ету мақсатында QR-код технологиясын қолданады. МобиЛЬді қосымшасын қолданып, QR-кодты сканерлеу Клиенттің (сатып алушының) Операцияны жүргізуге, соның ішінде Серікteske ақша аударуға берген нұсқауы болып табылады.
3. Операциялар жүргізілгеннен кейін, соның ішінде Тауар үшін ақша төлегенде немесе қайтарған кезде Kaspi Клиентке Операцияның сомасы көрсетілген Push-хабарлама не болмаса SMS-хабарлама жолдауы мүмкін.
4. Клиенттің QR-кодтың көмегімен Тауар үшін төлеген сомасы сәйкес келмеген кезде, Серіктес бұрын төленген соманы Клиентке қайтарады. Серіктес пен Клиенттің арасындағы соманы олар Kaspi-дің қатысусыныз өз бетінше реттейді.
